

МОБИЛЬДІК АУДАРЫМНЫҢ МАШАҚАТЫ КӨБЕЙДІ

2-бет



АБАЙТАНУ АБЫЗЫ МЕКЕМТАС МЫРЗАХМЕТ ДҮНИЕДЕН ӨТТІ

2-бет



САРҒАЙҒАН СУРЕТ СЫРЫ

7-бет


# ҚАЗАҚ ҮНІ
QAZAQ ÚNI

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www. qazaquni. kz || qazaquni@mail.ru || 2000 jylǵy 11 tamyzdan shyǵa bastady || №1-2 (1130-1131) 13.01.2025


Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

# БІЗ ХАЛЫҚТЫҢ БЕРЕКЕЛІ БІРЛІГІНІҢ АРҚАСЫНДА

## АУЫР СЫНАҚТАН СҮРІНБЕЙ ӨТТІК



4-5 бет

Ең алдымен ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың биылғы 2025 жыл – Жаңа жылды «Ana tili» газетіне мемлекеттік тілде сұқбат беріп, бастауына баса назар аударғым келеді.

Былтыр да, 3 қаңтарда «Егемен Қазақстанға» көлемді сұқбат беріп, ол да кең көлемде талқыланған еді.

Бұл биылғы 22-наурызда жарыққа шыққанына 35 жыл толатын, алғашқы бас редакторы Жарылқап Бейсенбайдың кезінде өз еркімен жазылған халық саны 100 мыңнан асып кеткен, ұлттық мүддені қорғау мен руханиятымызда үлкен рөл атқарған «Ana tili» газетінің қазіргі бас редакторы, дарынды ақын Ерлан Жүністің сұрағына байланысты мемлекет басшысының өзі атап айтқандай, осы сұхбатты беру арқылы еліміздегі журналистиканың тірегі саналатын қазақ тіліндегі медиаға қолдау көрсету!



## ШЫН ЕСІМІ – ХАКІМ ЕДІ

Хакім ағамен алғаш әңгімелескенім 1984 жылдың жазында (егер жаңылыспасам, шілде айының аяқ шені).

Бұрын Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің пленумдарында, ол өткізген о жиын мен бұ жиында, Жазушылар одағында кездесіп, ресми ғана сәлемдесіп жүргеніміз болмаса, іркіліп сөйлесіп көрмегенбіз.

8-9 бет



# АРАЛАС МЕКТЕП АЛЫСҚА АПАРМАЙДЫ

Қазіргі кезеңде қазақ халқының өзі қазақ тілді, орыс тілді болып, тіл негізінде іштей бөлінуді бастан кешуде. Қарап отысақ, «Қазақпен қазақ қазақша сөйлессін» деген сөздің мәні мен сыры – ең алдымен өз ұлтымыздың тілдік негізде екіге бөлінуіне жол бермеу ғой. Яғни, мемлекеттік тілдің қайнар көздерін жарқырата ашу, арнаны кеңейту. Қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі, педагог-журналист ретінде өз байқауымша, қазағымның тілдік негізде екіге, мүмкін үшке, төртке бөлінуінің негізгі себепкері – отбасы мен мектеп.

6 бет

# ВОЙНЫ И АГРЕССИЯ ЧЕЛОВЕКА – ОСНОВНЫЕ ПРИЧИНЫ ИЗМЕНЕНИЯ КЛИМАТА





В течение 30 лет длился спор за небольшой остров, имеющий 3,2 км в длину и 2,4 км в ширину, в Бенгальском заливе между Индией и Бангладеш с высадкой военных моряков, пока в марте 2010 года океан не поглотил его. Это не анекдот, а реальный случай, который в целом характеризует человечество в контексте глобального изменения климата.

10 бет



## АЛТЫ АЛАШТЫҢ АЛЫП БӘЙТЕРЕГІ ҚҰЛАДЫ

Сексен бес жасқа қараған шағында Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілі Мұхтар Мағауин өмірден озды.

14 бет

050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, К. Сейітов көшесі, 11 үй. Байланыс телефоны: 8(727)398-57-31 Жазылу индексі – 65380

# МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

**Мемлекет басшысы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Асхат Хасеновті қабылдады. Президентке ұлттық компанияның былтыр атқарған жұмысы жөнінде есеп берілді.**



Асхат Хасеновтің айтуынша, «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобы өткен жылы мұнай және конденсат өндіру көлемін 23,8 миллион тоннаға жеткізді. Бұл – 2023 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 1,3 пайыз артық. Мұнай өндіру деңгейін сақтап тұру үшін Технологиялық сын-қатерлер бағдарламасы іске асырылып жатыр. Жоба әрбір кен орнындағы мұнай өндіру көлемін арттыруда сараланған әдістерді қолдануды қарастырады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қаламқас-теңіз жобасын жобалау басталғаны жөнінде баяндалды. Оның құны құны – 6,4 миллиард доллар. Былтыр Торғай Палеозой, Қаратон Подсолевой, Қаражар және Тайсойған ұңғымаларында бұрғылау жұмыстары басталды. Олардың мұнай қоры 800 миллион тоннадан асады.

Мемлекет басшысына былтыр мұнай тасымалдау көлемі 2023 жылмен салыстырғанда 4 пайызға артып, 83,6 миллион тоннаны құрағаны жайында айтылды.

2024 жылы отандық мұнай өңдеу зауыттарында 17,44 миллион тонна мұнай өңделді. Ішкі нарықты қамтамасыз ету үшін жеңіл мұнай өнімдері өндірісін 2023 жылмен салыстырғанда 370 мың тоннаға ұлғайту шаралары қабылданды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарма төрағасының айтуынша, «CASPI BITUM» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде битум өндірісін жылына 750 мың тоннаға дейін арттыру бойынша жоба қолға алынды. Полиэтилен өндіретін зауыттың құрылыс жұмыстары басталды. Құны 7,4 миллиард долларға бағаланған кәсіпорын жылына 1 миллион 250 мың тонна өнім шығара алады.

Маңғыстау облысында су тұщыту зауыты салынып жатыр. Бұл кәсіпорын Жаңаөзен қаласының тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз етеді. Сондай-ақ қуаты 247 МВт болатын гибридті электр станциясының құрылысы жүргізілуде.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаевқа өңірлердегі әлеуметтік жобаларды іске асыру туралы да баяндалды.

Кездесу соңында Президент геологиялық барлау жүргізуге, ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға және мұнай-газ химиясын дамытуға қатысты жұмысты жүйелі жалғастыруды тапсырды.

Осыған дейін 2025 жылы мұнай бағамы қалай құбылады, деп тақырыпта сараптама жариялаған едік.

# АБАЙТАНУ АБЫЗЫ МЕКЕМТАС МЫРЗАХМЕТ ДҮНИЕДЕН ӨТТІ

**Абайтанушы ғалым, филолог, профессор Мекемтас Мырзахметов 95 жасында өмірден өтті.**



Мекемтас Мырзахметұлы (9 мамыр 1930 жылы, ОҚО, Түлкібас ауданы, Майтөбеде туған) — абайтанушы, ғалым. Филология ғылымдарының докторы, профессор. Қазақстанның мемлекеттік сыйлығының (1996) және «Түркі әлеміне қызмет» халықаралық сыйлығының иегері. «Абайтану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

Мекемтас Мырзахметұлының зерттеу еңбектерінде абайтану мен мұхтартану, бауыржантану, иасауитанудың, Абайдың ақындық зертханасының жайы, ақын мұрасының рухани нәр алған қайнар көздері, Абай мұрасының шығыспен байланысы 1965 жылдан бастап терең зерттеле бастады. Абай мұрасындағы мораль философиясының негіздері оның исламға, адамгершілік мұраттарына қатысты зерттеліп ашылды. Қараханидтер заманынан бастау алған кемел адам мәселесі Жүсіп Баласағұнидың «Құтадғу білік» дастанында қамтылып, Иасауидің «хал ілімі» (камили инсани) арқылы негізделіп, Абайдың «толық адам ілімі» арқылы дәстүрлі жалғастық тауып даму жолдары жәуанмәртлік, яғни иманигүл(үш сүю) жайындағы Абай танымдары негізінде талданып, бір жүйеге түсірілді. Мырзахметұлы кеңестік кезеңде-ақ патшалық Ресейдің Қазақстанда жүргізген миссионерлік саясаты негіздерін әшкерелеп («Қазақ қалай орыстандырылды», 1993, қазақ жеріндегі топонимдер мен антропонимдердің саяси-әлеуметтік сырларын ашып, қоғамдық ой-санаға ықпал етті. Абайтану мен мұхтартанудың ғылыми негізі қарым-қатынасын зерттеді. Абай шығармаларын жаңа қырынан талдап, ондағы айтылмай келген шығыстық мәселелер мен танылмай келген ойларды, шығыстық термин сөздерді бүгінгі күн талабы тұрғысынан жаңаша қорытып, ғылыми айналымға түсірді. Сондай-ақ қазақ әдебиетінің түрлі салаларынан мамандар даярлап, отыздан астам кандидат диссертация қорғатты. Абайтанудың библиография көрсеткіштерін құрастырып (1965, 1988, 1995) алғы сөздерін жазды. «Абай» энциклопедиясы мен М.Әуезовтің 20 томдық, 50 томдық шығармалар жинағын шығаруға атсалысты.

Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын!



# КОЛЛЕДЖДЕРДІҢ ЭКОЖҮЙЕСІ ҚҰРЫЛАДЫ

**Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев Үкімет отырысында «Жұмысшы мамандықтар» жылында кәсіптік-техникалық білім беру жүйесі қалай реформаланатынын айтты.**

Бізге техникалық білім жүйесінің реформасы қажет. Осы бағытта қандай жұмыс атқарылып жатыр, – деп сұрады Премьер-министр Олжас Бектенов.

Министр Ғани Бейсембаев бұл бағытта арнайы жол картасы бекітілгенін мәлім етті.

Жалпы осы «Жұмысшы мамандықтар» жылы аясында кәсіптік-техникалық білімді трансформациялауға басымдық беріледі. Бұл бағытта министрлік мүдделі мемлекеттік органдармен бірге кадр даярлаудың сапасын арттыру, цифрлық технологияларды және халықаралық стандарттарды ыңғайластыру және жалпы колледж, бизнес, ЖОО-лардың ынтымақтастығын күшейту бағытында жол картасын бекітіп отыр. Бұл Жол картасы тиімді колледждердің экожүйесін құруға нәтижелі көмек береді деген үміт бар, – деді ведомство басшысы.

Еске салсақ, бұған дейін жекеменшік және мемлекеттік колледж педагогтерінің жалақысы теңестірілетінін жазды.

Сонымен қатар, Президент Жарлығымен 2025 жыл «Жұмысшы мамандықтарының» жылы деп жарияланған еді.

# ПАРА БЕРЕМІН ДЕП АЙЫППҰЛ АРҚАЛАДЫ

**Ақтөбе тұрғыны полицияға 10 мың теңге пара бермек болып, қылмыстық жауапқа тартылды. Ол енді айыппұл төлейді.**

№2 Ақтөбе қалалық сотында полиция қызметкеріне пара бермек болған сотталушының ісі қаралды. Іс материалына сүйенсек, көлік айдауға құқығы жоқ сотталушы мас күйінде рульге отырған. Полиция қызметкеріне ұсталған сәтінде ол әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттама толтырмай-ақ қоюды өтініп, 10 000 теңге ұсынған.

Бұл іс сотқа прокурор мен айыпталушы арасындағы кінәсін мойындау туралы мәміле түрінде келіп түсті. Сотталушы өзінің кінәсін толық мойындады. Прокурор Қылмыстық кодекстің 24-бабы 3-бөлігі, 367-бабы 1-бөлігі бойынша кінәлі деп тануды және оған мемлекеттік қызметте лауазымдарды атқару құқығынан өмір бойына айыруды сұрады. Соттың үкімімен сотталушы кінәлі деп танылып, оған мемлекеттік қызметте лауазымдарды атқару құқығынан өмір бойына айыра отырып, 112 500 теңге сомасында параның он бес еселенген сомасы мөлшерінде айыппұл түрінде жаза тағайындалды. Сот үкімі заңды күшіне енген жоқ, – деп хабарлады Ақтөбе қаласы №2 сотының баспасөз қызметі.

# ЖҮЗГЕ ЖУЫҚ АДАМ КОРОНАВИРУС ЖҰҚТЫРДЫ

**Қызылорда облысында былтырғы жылы коронавирус жұқтырғандардың қарасы көп болды. Оған шалдыққан науқастардың басым бөлігі қаңтар-мамыр аралығында тіркелген. Олардың жалпы саны 76 адам.**



Ал мамыр мен тамыз аралығында бірде-бір адам коронавируска шалдыққан жоқ. Одан кейін тамызда – 3, қыркүйекте – 7, қазанда – 5, қарашада – 1 жағдай есепке алынды. Науқастардың басым көпшілігі ауру симптомымен тіркелді. Облыстағы коронавирус инфекциясы бойынша эпидемиологиялық ахуалды тұрақты деп бағалауға болады. Оған шалдыққан адамдардың басым бөлігінде аурудың жеңіл немесе орташа клиникалық белгісі болуы мүмкін. Олар арнайы емді қажет етпестен аурудан айығып жатады. Кей адамдарда ол ауыр ағымда болады. Асқыну байқалып, медициналық араласуды қажет етеді, – деді Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әлия Әбдіқайымова.

Еске салсақ, бұдан бұрын Қызылорда облысында эпидемиологиялық маусымда 44 599 адам ЖРВИ-ге шалдықты. Не десек те денсаулық – басты байлығымыз. Сондықтан әрбіріміз денсаулығымызға асқан жауапкершілікпен қарағанымыз абзал.

# МОБИЛЬДІК АУДАРЫМНЫҢ МАШАҚАТЫ КӨБЕЙДІ

**Мемлекеттік кірістер комитеті Жеке тұлғалардың кірістерін әкімшілендіру басқармасының бас сарапшысы Ерсайын Көптілеуұлы мобильдік аударымдарға қойылатын шектеу мәселесін түсіндірді.**



Мобильдік аударым – бұл жеке тұлғаның өзінің қажеттілігіне арналған, кәсіпкерлік қызметке арналмаған, салық салуға жатпайтын аударым түрі.

Кәсіпкерлер салық төлеуден жалтару мақсатында мобильдік аударымдарды көп пайдаланып кетті. Осы тұлғаларды анықтап, өз кірістеріне салық төлеуді міндеттеу үшін және жеке кәсіпкер ретінде тіркелмеген тұлғаларды тіркету мақсатында мобильдік аударымдарды бақылау жүзеге асырылып жатыр. Бұның негізгі өлшемшарты – ай сайын 100 немесе одан да көп тұлғалардан 3 ай қатарынан мобильдік аударым алу. Осындай жағдай анықталғанда ғана Мемлекеттік кірістер комитеті камералдық бақылауға алады. Бұл жерде атап өтетін жайт, аударым 100 рет емес, 100 тұлғадан, яғни 100 түрлі адамнан күнтізбелік 3 ай қатарынан түскен жағдайда ғана ереже бұзылған болып саналады, – деді ол.

Сондай-ақ бас сарапшы Қаржы министрлігі қолданыстағы ережені толықтыру үшін Ұлттық банкке жаңа ұсыныс бергенін атап өтті.

Осы 100 аударым өлшемшартын сақтай отырып, осы аударымдар кезінде түскен қаржының жалпы сомасы 255 мың теңгеден асса ғана ережені бұзды деп қарайтын ұсыныс енгізілді. Бұның негізгі мақсаты – өте төмен сомаларды (мәселен 100 теңгеден жасалған аударымдар) бақылаудан алу. Себебі бізде Кәсіпкерлік туралы Кодекске сай, ең төменгі айлықтың (85 мың теңге) 12 еселенген мөлшерінен асатын табыс тапқан жеке тұлғаны ғана салық органы дара кәсіпкер ретінде танып, есепке қоя алады. Яғни әр айда 85 мыңнан, 3 айда 255 мыңнан төмен табыс тапқан адам дара кәсіп иесі болып саналмайды, – дейді Ерсайын Көптілеуұлы.

Ман қазіргі таңда бұл норма күшіне енген жоқ екенін, әлі Ұлттық банкпен келісу сатысында екенін қайыра еске салды.

Сондықтан да кәсіпкерлер дәл қазір даурықпаса екен деймін.

# ҚАЗЫБЕК ИСА ОРТАЛЫҚ МҰРАЖАЙ ҰЖЫМЫМЕН КЕЗДЕСТІ

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Қазыбек Иса Алматы қаласына жұмыс сапарымен келіп, Орталық мемлекеттік мұражай ұжымымен кездесу өткізді.**



Кездесуде Қазыбек Иса Парламенттегі «Ақ жол» фракциясының атқарылған жұмыс ы туралы баяндады. Атап айтқанда, ол келесі заң жобаларына тоқталды:

— «Түркістан қаласының мәртебесі туралы»;

— «Заңсыз активтерді қайтару туралы»;

— «Азаматтық алу туралы» заңға өзгерістер енгізу туралы және т.б.

Уақытша директор міндетін атқарушы Ғалия Теміртон мен 100-ге жуық әкімшілік қызметкерлер жетістіктерімен бөлісті. Ғалия Теміртонның жетекшілігімен бір топ ғалымдар мен мұражай қызметкерлері Ресейге жемісті сапар жасап, көптеген мұрағаттық құжаттарға қол жеткізді, сонымен қатар шетелдік әріптестерімен тәжірибе алмасты.

Сондай-ақ, Ғалия Теміртон депутат Қазыбек Исаға Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінде Мемлекеттік мұражай жанынан мұражай мамандарына экспонаттар мен заттарды уақтылы қалпына келтіруге, жаңартуға және реттеуге мүмкіндік беретін химия-физикалық зертхана ашу мәселесін қарауды сұрады. Оның пікірінше, Мұражай ғылыми-зерттеу институты мәртебесін алғаннан кейін зертханалар ашу — қажетті қадам.

Мекеменің өзекті мәселелерінің қатарында директордың орынбасары «Мұражай ісі» мамандығы бойынша кадр тапшылығын атап өтті. Бүгінгі таңда мұндай мамандарды бір ғана университет дайындайды және осы мамандық бойынша мамандарды дайындауды арттыруды ұсынады.

Сапар барысында Ғалия Теміртон Мәжіліс депутаты үшін мұражайға экскурсия жасап, соңғы үлгідегі жәдігерлерді көрсетіп, музейдің алдағы жоспарларымен бөлісті.

Қазыбек Иса Мемлекеттік музей ұжымын жаңа жыл мерекесімен құттықтап, шығармашылық табыс тіледі.

Мәдениет пен руханиятты қолдап келе жатқан «Ақ жол» партиясы музей ұжымының жазбаша жіберген ұсыныс-тілектерінің орындалуына күш салатынын, мәселелер шешімін табатынын мәлімдеді.

ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты Қазыбек Исамен бірге Алматы қаласының Мәслихат депутаты Асқар Бисқұлтанов және «Ақ жол» партиясы Алматы қалалық филиалы белсенділері болды.



# АҚЖОЛДЫҚТАР «КЕРЕМЕТ СУ» ЗАУЫТЫНА БАРДЫ

**«Ақ жол» партиясының төрағасы, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Азат Перуашев және партияның төраға орынбасары, Мәжіліс депутаты Ерлан Барлыбаев Алматыда орналасқан «Samal» табиғи ауыз су өндіретін зауытымен және оның еңбек коллективімен танысты.**

Компанияның директор орынбасары Михаил Александрович депутаттарды кәсіпорын туралы ақпаратпен және басты жетістіктермен бөлісті. «Керемет Су СКЕ» компаниясы 2009 жылдан бастап «Samal» суының өндірісімен, оны жеткізумен және сатумен айналысады. Терендігі 250 метрден астам Қазақстан артезиандық жер асты су көздерінің № 2940 ұңғымасы «Samal» ауыз суының көзі болып табылады.

Зауыттың еңбек ұжымы жас және орташа жалақы 260 мың теңге құрайды. Директордың мәліметі бойынша кәсіпорынның жылдық ақша айналымы 1 млрд теңге болса, мемлекетке салық ретінде 250 млн. теңгені төлейді.

Құю жөніндегі цех сағатына 17000-нан аса бөтелкені өндіретін автоматтандырылған желімен жабдықталған. Бөтелкелерді жуу мен суды құю бойынша барлық операциялар адамның қатысуынсыз жүзеге асырылады.

Зауыттың өндірістік үрдіспен экскурсовод Диана Ковтун таныстыруды жалғастырды. Диана ханым су ұңғымадан құю желісіне дейінгі жолды өту барысында механикалық тазалау, жұмсарту, фильтрация, молекулярлық тазалау мен ультракүлгінмен зарарсыздандыру секілді кешенді бессатылы өңдеуден өтетін айтып берді.

Сонымен қатар, Михаил Александрович Азат Тұрлыбекұлына кәсіпорын өз жұмысында жиі кездесетін әділетсіздікпен шағымданды. Мәселен, әділетсіз бәсекелестер кейбір тендерлік заявкаларда демпинг арқылы женіп, нарыққа сапасы төмен су ұсынады. Осы фактілерді бас технолог Айгүл Еркібайқызы дәлелдеді. Оның айтуынша әділетсіз бәсекелестер суды ешқандай микробиологиялық зерттеуден өтпейді, сондықтан ол су ішуге жарамсыз.

Азат Тұрлыбекұлы осы сауал бойынша дәлелдер мен талдау жұмыстарын жіберуді ұсынды және басқа да сауалдар бойынша ресми хатты жазуды айтты.

Мәжіліс депутаттарымен бірге кездесуде Алматы қалалық Мәслихат депутаты Асқар Бисқұлтанов, Алматы қалалық филиалының Кеңес мүшесі Ербол Омарханов болды.

*«Ақ жол» демократиялық партиясының баспасөз бөлімі*

# СЕРІК ЕРУБАЕВ АТЫРАУҒА ЖҰМЫС САПАРМЕН КЕЛДІ

**«Ақ жол» демократиялық партиясы төрағасының орынбасары, ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты Серік Ерубаев Атырау облысы Құрманғазы ауданында іс-сапармен болды.**



Іс-сапар барысында депутат алдымен аудан әкімі А.Жанғалиевпен кездесіп, өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайымен және даму жоспарларымен танысты. Әкімдік өкілдері аудандағы жаңалықтар мен жүзеге асырылып жатқан жобалар туралы ақпарат беріп, өзекті мәселелерді талқылады.

Депутаттың тұрғындармен кездесуі барысында сайлаушылар көкейкесті мәселелерін көтеріп, сұрақтарын қойды. Ең өзекті мәселелердің қатарында:

• Жол сапасын жақсарту;

• Жеке үй тұрғызу үшін арнайы карьер ашу;

• Ауыл инфрақұрылымын жетілдіру (аялдама мен әжетхана салу);

• Бағаны тұрақтандыру және қымбатшылықпен күрес;

• Шағын кәсіпкерлікті қолдау және несие бөлу мәселелері;

• Жұмыссыздықты жою және жастарды жұмыспен қамту шаралары аталды.

Түстен кейін депутат Орлы селолық округінде тұрғындармен тағы бір кездесу өткізіп, өзінің атқарған жұмыстары туралы есеп берді. Бұл кездесуде ауылішілік 10 шақырым жол салу, трасса бойына аялдама мен әжетхана орнату мәселелері талқыланды. Сонымен қатар, депутат тұрғындардың басқа да ұсыныс-тілектерін тыңдап, олардың тиісті мекемелерге жеткізілетінін атап өтті.

Сайлаушылармен кездесулер аяқталған соң, Серік Ерубаев жеке қабылдау өткізіп, әр азаматтың өтінішіне назар аударды.

Депутаттың Құрманғазы ауданындағы іс-сапары барысында көтерілген мәселелер партияның бақылауында болып, тиісті органдарға жеткізілетін болады.

*Атырау облыстық филиалы*

# АТЫРАУ ӨЛКЕСІНДЕГІ САПАР ЖАЛҒАСУДА

**«Ақ жол» демократиялық партиясы төрағасының орынбасары, ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты Серік Ерубаевтың Атырау облысы Исатай ауданындағы сайлаушылармен кездесуі Жанбай селосынан басталды. Кездесу барысында депутат өз қызметі жайында ақпарат беріп, алдағы атқарылатын жұмыстар мен «Ақ жол» демократиялық партиясының бағдарламасындағы басты бағыттарды түсіндірді.**

Кездесуді селолық округ әкімі Е.Максотов ашып, ауылда жүзеге асырылып жатқан игі істерді атап өтті. Сонымен қатар, тұрғындарды толғандыратын өзекті мәселелерді, атап айтқанда, қалдық полигонының жағдайы, бұралқы иттер мәселесі және басқа да проблемаларды көтерді. Депутат бұл мәселелерді шешу жолдары қарастырылып жатқанын айтты.

Кездесу барысында балық аулау және оны өңдеу мәселелері, кәсіпкерлікті қолдау және Атырау-Астрахань жолының жағдайы туралы да әңгіме қозғалды. «ҚазАвтоЖол» АҚ Атырау облыстық филиалының басшысы С.Керімқұлов жол жөніндегі атқарылған жұмыстар бойынша есеп беріп, тұрғындардың көптеген сұрақтарына жауап берді.

Кездесуге Исатай ауданының әкімі Н.Б.Мусин мен «Ақ жол» партиясының мүшесі, Атырау облыстық мәслихатының депутаты Н.Қайырденов те қатысып, тұрғындардың сұрақтарына жауап берді. Жолда мал қағу оқиғаларының алдын алу, жылдамдықты реттеу үшін жол белгілерін орнату және басқа да инфрақұрылым мәселелері талқыланды. Ауылда мал сою цехының жұмысын жаңғырту және жазғы су құбырын тарту жұмыстарын жеделдету қажеттілігі айтылды.

Аққыстау селосында Серік Ерубаев аудан тұрғындарымен кездесу өткізіп, оларды толғандыратын мәселелермен танысты. Бұл кездесуде «Ақ жол» демократиялық партиясының сайлауалды бағдарламасының негізгі тұжырымдамалары, есепті кезеңде Парламентте көтерілген сауалдар мен қабылданған заңдар туралы жан-жақты баяндалды. Тұрғындар көптеген сұрақтар қойып, оларға нақты жауаптар алды.

Тұрғындар жол сапасын жақсарту және қаладан шыға берістегі трассаны төсеу қажеттілігі туралы айтты. Сонымен қатар, денсаулық сақтау саласындағы олқылықтар мен қызмет көрсетудегі кемшіліктер сөз болды. Аққыстауда айналма жол салу мәселесі де талқыланып, ауылда коммуналдық мекеме құруға рұқсат беру мәселесін заң аясында қарастыру қажеттілігі көтерілді.

Кездесу соңында су тасқыны кезінде қажырлы қайрат көрсеткен азаматтарға партияның Ұлттық кеңесінің шешіміне сәйкес «Апатпен күрескені үшін» медальдары табысталды. Сонымен қатар, жаңадан партия қатарына қосылған азаматтарға партия билеттері салтанатты жағдайда депутаттың қолынан табысталды.

*Атырау облыстық филиалы*



## Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

# БІЗ ХАЛЫҚТЫҢ БЕРЕКЕЛІ АУЫР СЫНАҚТАН

**Ең алдымен ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың биылғы 2025 жыл – Жаңа жылды «Ana tili» газетіне мемлекеттік тілде сұхбат беріп, бастауына баса назар аударғым келеді.**
**Былтыр да, 3 қаңтарда «Егемен Қазақстанға» көлемді сұхбат беріп, ол да кең көлемде талқыланған еді.**
**Бұл биылғы 22 наурызда жарыққа шыққанына 35 жыл толатын, алғашқы бас редакторы Жарылқап Бейсенбайдың кезінде өз еркімен жазылған халық саны 100 мыңнан асып кеткен, ұлттық мүддені қорғау мен руханиятымызда үлкен рөл атқарған «Ana tili» газетінің қазіргі бас редакторы, дарынды ақын Ерлан Жүністің сұрағына байланысты мемлекет басшысының өзі атап айтқандай, осы сұхбатты беру арқылы еліміздегі журналистиканың тірегі саналатын қазақ тіліндегі медиаға қолдау көрсету!**

### ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ РЕТІНДЕ МАҢЫЗДЫ РӨЛ АТҚАРА БЕРЕДІ

Сүбелі сұхбатта мемлекет басшысы еліміздің дамуының барлық өзекті саласына тоқталып, негізгі басымдықтарды атап өткен.

Солардың ішінде ел елеңдей күткен мемлекеттік тілдің рөліне де арнайы тоқталған.

– Қазақ тілінің бәсекеге қабілеті және оны үйренуге деген қызығушылық барынша артып келеді. Ең бастысы, қазақ тілін білу сәнге айналды, жастарымыз оны меңгеруге ұмтылатын болды. Мемлекеттік тіл азаматтардың қызмет бабында өсуіне және табысқа жетуіне жол ашатын маңызды фактор саналады. Еліміздің бизнес өкілдері маркетинг саласындағы науқандарын қазақ тілінде сөйлейтін тұтынушылардың сұранысына қарай өткізетін болды. Мұның бәрі мемлекеттің өте абай болуды қажет ететін әрі саяси тұрғыдан маңызды саналатын осы саладағы саясаты тиімді жүргізіліп жатқанын көрсетеді, – деді Президент.

Мемлекет басшысы мемлекеттік тілдің дамуына серпін беру үшін болашағымызда рөлі зор жасанды интеллектінің жасампаздығын игеріп, цифрлық технологияларды қолдануға үнемі баса назар аударып келеді.

– Бұдан да жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін ғылым-білім саласындағы инфрақұрылымды жаңғыртуға, мектептер мен басқа да оқу орындарында қазақ тілін үйрету жүйесін жетілдіруге қоса оқытушылардың мәртебесін арттыру мәселесін де шешу қажет. 2023 жылы «Қазақ тілі» қоғамының бастамасымен құрылған арнаулы қорға қолдау көрсету керек. Цифрлық технологияларды қолдануға баса мән берген жөн. Өйткені қазақ тілінің алдағы тағдыры, еліміздің жаһандық бәсекеге қабілеті көбіне осыған байланысты болады.

Шығармашыл жастар және креативті индустрия мемлекеттік тілді дамыту ісіне пайдасын тигізе алады. Мемлекет экономикадағы болашағы зор осы саланың өркендеуіне барынша қолдау көрсетеді. Отандық және әлемдік нарықта қаржылық жағынан тиімді әрі сұранысқа ие болатын түрлі контентті қазақ тілінде жасау қажет. Бұл жерде әдебиет, музыка, кино, сериал және компьютер ойындары туралы айтып отырмын.

Иә, мемлекет басшысы айтқандай, «Еуразия кеңістігіндегі ең ірі цифрлы хабтың бірі болу үшін Қазақстанда жасанды интеллект технологияларын дамыту керек. Болашағы зор жобалар қазірдің өзінде бар. Мысалы қазақ тілінің KazLLM атты цифрлы тіл моделінің алғашқы нұсқасы жасалды. Бұл – қазақ тілінде ойлап, сараптама жасап, қазақша сөйлесе алатын жасанды интеллект. Осы бағыттағы жұмыстар жалғаса береді. Біздің депутаттарымыз да жасанды интеллект туралы заң әзірлеу керек деп бастама көтерді. Осы маңызды жұмыспен тиянақты түрде, мұқият айналысу қажет.»

Қазақ тілінің корпусы мен KazLLM атты цифрлы тіл моделі биыл парламентте заңнамалық тұрғыда бекітілгенін айта кетуге тиіспіз.

Жасанды интеллектінің маңызы өте зор екенін биыл қазақ тіліне байланысты Фортебанктен шыққан шу да дәлелдеп берді. «Банкке қызметке тұру үшін мемлекеттік тілді білудің қажеті жоқ» деген талап қоғамда үлкен шуға айналып, ақыры банк басшылығы ол талапты жасанды интеллектіге жауып құтылды... Мемлекеттік тілдің рөлін жоққа шығару – тек бір банкте ғана емес, барлық банкте де бар. Тек қаржылық мекемелерде ғана емес, мемлекеттік органдарда да мемлекеттік тілдің заңсыздыққа ұшырап келе жатқаны белгілі. Сол үшін мемлекеттік органдардан бастап, қаржылық институттар мен мекемелердің бәрін тексеріп шығуы керек тиісті органдар.

2024 жылы 26 мамырда ұзақ жылғы үзілістен кейін қайта құрылып, алғашқы жиыны өткен Мемлекеттік тілді қадағалайтын Мемлекеттік ведомствоаралық комиссия бұл мәселені назарда ұстауы тиіс.

Мемлекеттік тілді ғылым тіліне айналдыру жолында цифрландыру мен жасанды интеллектінің рөлін арттыру Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл комитетінің негізгі жұмыстарының біріне айналып келеді деуге болады. Бұл маңызды істе Тіл институтының да көтерер жүгі ауыр. Өткен жылдың аяғында халықаралық цифрлық жүйелерге жол ашатын қазақ-ағылшын сөздігі шыққаны мәлім. Оның тұсаукесері Қазақстан мен Ұлыбританияда да өтті. Аталмыш сөздіктің Астанада өткен тұсаукесерінде айтқанымыздай, өміріміздің алапат қарқынмен ене бастаған, қазіргі жаһанды жаулап келе жатқан Жасанды интелектінің негізгі сөздік қоры – Мемлекеттік тіл – Қазақ тілі болуы тиіс!

Бізде цифрлық бағдарламалардың бәрі қазақ тілінде болуы керек.

Өйткені, Жасанды интеллект енді еніп келеді өмірге. Яғни, барлық тілдерге старт бірдей берілді. Сондықтан жасанды интеллектінің қазақ тіліне негізделуіне барлық жағдайды жасау керек үкімет. Себебі, ел қай тілде деректер қорынан іздегенін тез таба алса, сол тілді қолдануға мәжбүр.

Оксфорд сөздігі, қазақ тілінің цифрлық бағдарламалардың барлығына енуі бұлар толығып жатқан ең қажетті материалдық базалар. Ең бастысы – саяси базамыз толығып, мемлекеттік тіл туралы заң қабылдануы қажет! Сонда ғана төрт құбыламыз түгел бола алады.

Ерекше айтарымыз, 2024 жылы 16 мамырда заңға Қазақстан Азаматтығын алу үшін Мемлекеттік тілден емтихан тапсыру талабы енгізілді. Сонымен қатар ҚР Конституциясы мен ел тарихынан да сынақ тапсырады. Бұл талапты заңға ұсынған өзіміз едік. Осындай өте маңызды мәселені бұған дейін парламентте ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты, «Ақ жол» партиясы төрағасы Азат Перуашев екі рет көтеріп, депутаттық сауал жасаған болатын.

Қазақстан Азаматтығын алу үшін Мемлекеттік тілден емтихан тапсыру – ел отыз жылдан бері күтіп келе жатқан, мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ететін заңды талап.

Сонымен қатар Президент өте маңызды сала – мектептер мен басқа да оқу орындарында қазақ тілін үйрету жүйесін жетілдіру мәселесіне тағы да тоқталды.

«Жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін ғылым-білім саласындағы инфрақұрылымды жаңғыртуға, мектептер мен басқа да оқу орындарында қазақ тілін үйрету жүйесін жетілдіруге қоса оқытушылардың мәртебесін арттыру мәселесін де шешу қажет.» – деп атап айтты.

Қасым-Жомарт Кемелұлы 2023 жылы да, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы төрағасы Р.Кенжеханды қабылдағанда Кеңес дәуірінде де, Тәуелсіздік алғасын да ешқандай нәтижесіз көзбояушылықпен оқытылып келе жатқан жанды жеріміз – орыс мектептеріндегі қазақ тілінің оқытылу методикасын жетілдіру мәселесін көтерген еді. Ол өте маңызды мәселе бірақ әлі шешіле қойған жоқ.

Мысалы орыс тілі мектепте 10 жыл қазақ тілі оқытылады, шамамен 850 сағат. Ал ғылыми зерттеулер бойынша кез-келген тілдің 700-дей сөзін үйренсе, ол тілде тұрмыстық деңгейде сөйлеуге болады. Яғни, 1 сағатта 1 сөз үйренсе, 10 жылдағы 850 сағатта 850 сөз үйренуге болады деген сөз. Ал біздің орыс мектебін бітірушілердің 99,9 пайызы қазақша нан сұрап жей алмайды, бір ауыз сөз білмейді. Сонда 33 жылдан бері жыл сайын 850 сағатқа бөлінетін миллиардтар босқа кетіп жатыр, ешқандай нәтиже жоқ деуге болады.

Яғни, ҚР Президенті Қ.Тоқаев мемлекеттік тілдің қолданылуын арттыру үшін орыс мектептеріндегі қазақ тілінің оқытылу методикасын жетілдіру мәселесін, мектептегі осы уақытқа дейін шешілмей келе жатқан ең бір нәтижесіз мәселені тура жанды жерінен ұстап, дөп басып көтеріп отыр.

«Сөз арасында айта кетейін, дүние жүзінде 7 мыңнан астам тіл бар. Соның ішінде үш мыңнан астам тілге жойылып кету қаупі төніп тұр. Қазақ тілі бұл топқа кірмейді. Ана тіліміз 2024 жылы әлемде ең кең таралған тілдердің арасында 79-шы орынға тұрақтады» – деп, әлемдік тіл жағдайынан мәлімет берген Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың: «Осы ретте күрделі әрі қарама-қайшылыққа толы кеңес заманында ана тілімізді әлемдік лингвистика картасынан жойылып кетуден сақтап қалған зиялы қауым өкілдерінің, ақын-жазушылардың, журналистер мен ғалымдардың, мұғалімдер мен мәдениет қайраткерлерінің, ауыл еңбеккерлерінің, яғни барша отаншыл азаматтардың еңбегін бағалауымыз керек.» – деп, кешегі кеңес империясы кезеңінде қазақ тілін қорғау оңай болмағандықтан, зиялы қауым бастаған ұлтшыл-отаншыл азаматтардың ерлікке барабар қайраткерліктерін жоғары бағалағанын ерекше ықыласпен айта кетеміз.

Иә, мемлекеттік тілді қорғау Тәуелсіздік алғаннан кейін де оңай болған жоқ. Тіпті Конституция гаранты ретінде мемлекеттік тілді қорғауы тиіс экс-президенттің шексіз билік қолында тұрғанда 2017 жылы болуы керек, «Орыс тіліндегі сұраққа Қазақ тілінде жауап бергендер жұмысынан қуылсын!» – деп, өзі қол қойған заңнамаға өзі қарсы шыққан заңсыз масқаралыққа да куә болғанбыз. Сол кезде біз «Қазақ үні» газетінде: «Қай тілге де Қазақ тілінде жауап беру заңды, өйткені ол Мемлекеттік тіл» деп қарымта қайтарған едік. Яғни, Мемлекет басшысының мемлекеттік тілді қорғаушылар еңбегін әділ бағалауы «Әділетті Қазақстанға» сай әділеттілік! Бұл Президент бағасы – бүгінгі мемлекеттік тілді заңнамаға сай қорғап жүрген Керекудегі Руза Бейсенбайтегі, Өскемендегі Жұлдызай Форт бастаған барлық тіл жанашырларына берілген баға деп біліп, қуана қолдап отырмыз. Сондықтан да өткен жылдың аяғында мемлекеттік «Хабар» телеарнасындағы белгілі тележурналист Махат Садық жүргізетін «Көзқарас» бағдарламасының «Шераған

ның жалғасы» атты хабарына сұхбат бергенде аталмыш тіл қорғаушыларының еңбегін ерекше атап айтқан едік.

«Ана тіліміздің болашағы жарқын екеніне менің еш күмәнім жоқ. Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде халқымызды ұйыстыру жолында маңызды рөл атқара береді» – деп қорытты мемлекет басшысы тіл туралы сөзін.

Иә, 2020 жылы 1 қазанда Қазақстан халқы Ассамблеясында еліміздегі барлық этнос өкілдері «Мемлекеттік тілді міндеттер керек» деп, арнайы ресми үндеу қабылдады.

Сондықтан, «Қазақстан азаматтары Мемлекеттік тілді білуі міндетті!», «Барлық азаматтың мемлекеттік тілді меңгеруі – саясатымыздағы стратегиялық бағыт», «Ең бастысы – Қазақ тілі болуы керек!», «Қазақ тілі - Ұлтаралық қатынас тілі болуы қажет», «Қазақ тілі – ғылым тіліне айналуы тиіс!», «АТА ЗАҢ БОЙЫНША БІЗДЕ БІР ҒАНА



# БІРЛІГІНІҢ АРҚАСЫНДА СҮРІНБЕЙ ӨТТІК

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ БАР - ҚАЗАҚ ТІЛІ!» – деп, бірегей ұлт саясатын ұстанған ҚР Президенті Қ.Тоқаев айтқандай, бір ғана Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау керек! Сонда ғана мемлекет басшысының айтқаны заңмен бекітілетіні анық.

**«БІЗ ХАЛЫҚТЫҢ БЕРЕКЕЛІ БІРЛІГІНІҢ АРҚАСЫНДА АУЫР СЫНАҚТАН СҮРІНБЕЙ ӨТТІК»**

Президент кең көлемді, маңызды сұхбатында елдің жүрегіне жара салып, көптің көңілін күпті қылған 2022 жылғы Қаңтар қасіретінің қайғылы сабақтары туралы да кеңінен тоқталды.

– Тәртіп орнатуға және ахуалды тұрақтандыруға қатысты батыл шаралар қабылдаған соң, мен құзырлы органдарға Қаңтар оқиғасының мән-жайын толық әрі шынайы тергеп-тексеру туралы тапсырма бердім. Тергеу ашық жүргізілді. Қылмыскерлер жазасын алды» – деп, тергеу процесіне тоқталған президент Қаңтар қасіретінің парламентте де талқыланғанын айтып берді.

– Парламентте біздің арғы-бергі тарихымызда бұрын-соңды болмаған арнайы тыңдау ұйымдастырылды. Алғашқы парламенттік тыңдау Қаңтар оқиғасынан кейін үш айдан соң, ал екіншісі бір жылдан кейін өтті. Тыңдау барысында мемлекеттік органдардың өкілдері ғана емес, құқық қорғаушылар да сөз сөйледі. Түрлі ой-пікір ашық айтылды, жайсыз сұрақтар қойылды. Мұның бәрі тікелей эфирде көрсетілді, бұл процесс туралы еліміздің және шет мемлекеттердің бұқаралық ақпарат құралдары жарыса жазды. Билік халықтың көкейінде ешқандай күмән қалмауына мүдделі болғандықтан, мұндай қадамға саналы түрде барды» – деді.

Иә, «Қаңтар қасіреті ашық айтылып, кінәлілер толық анықталып, түгел қатаң жазасын алуы тиіс. Ол үшін парламенттік тыңдау өткізілу керек!» – деп, 2022 жылы 26 қаңтарда парламентте ең алғаш Қаңтар қасіреті мәселесін көтеріп, «Ақ жол» фракциясының депутаттық сауалын жасағанымыз бүгінгідей көз алдымызда.

– Бір нәрсе анық, сол кезде тәртіпсіздікті бастаған және төңкерісті ұйымдастырған адамдардың қимылына дереу тосқауыл қойып, батыл әрекет жасамағанда, қазір Қазақстан дербестігі мен егемендігі әлдеқайда шектеулі, мүлде басқа мемлекетке айналар еді.

Біз халықтың берекелі бірлігінің арқасында осы ауыр сынақтан сүрінбей өттік. Қаңтардағы оқиғадан бәріміздің зор сабақ алғанымыз сөзсіз. Біріншіден, елдегі билік жұдырықтай жұмыла білуге тиіс, қосарланған билікке ешқашан жол берілмеуі қажет. Екіншіден, Президент – «Құдайдың жердегі көлеңкесі» емес, мемлекетті басқару үшін белгілі бір мерзімге сайланған менеджер ғана. Үшіншіден, жоғары мемлекеттік лауазымдарға үміткерлерді, соның ішінде күштік құрылым басшыларын мұқият іріктеу керек. Олар Отанымызға, яғни Қазақстан Республикасына адал болуға тиіс» – деді президент.

Мемлекет басшысы 2022 жылғы Қаңтар қасіретіне дейін елде қос биліктің елесі кезіп жүргенін осы жолы ашық айтты. Ел үшін ерекше маңызды болғандықтан бұл туралы президент сөзін толық келтіруге тура келеді.

– Әрине, Нұрсұлтан Назарбаев ұзақ жыл бойы ел тізгінін ұстаған уақытта кемшіліктер болды. Ашығын айту керек, ол отставкаға кеткенімен, Қауіпсіздік Кеңесінің төрағасы болып отырған кезде саяси сыпайылықты сақтай бермейтін. Мұны да айта кеткен жөн. Үнемі Премьер-Министрді, Ұлттық банктің төрағасын, министрлерді, әкімдерді шақырып алып, жиналыс өткізетін. Бұған өз азаматтарымызды былай қойғанда, шетел басшылары мен дипломаттары да таңдана қарайтын. «Назарбаев қызметінен кеткен соң тіпті жоғарылады, енді Президент те оған бағынады» деген әзіл әңгіме де пайда болды. Ал, шын мәнінде, бұл әзілдейтін жағдай емес еді.

Бұл жағдай қосарланған билік туралы алып қашпа әңгіменің өршуіне әкеп соқты. Шенеуніктер де кабинеттен кабинетке жүгіріп, кімнің тапсырмасын орындайтынын білмей дал болатын. Ол аз десеңіз, кейбір шенеуніктер «Елбасы институты Президент билігінен жоғары тұруға тиіс» деп, ақылға сыймайтын жағдайды заң жүзінде негіздемек болды. Нұрсұлтан Назарбаевтың 2021 жылғы қарашада өткен Astana Club жиынында 92 жастағы Махатхир Мохамадты мысалға келтіріп, өзінің Ақордаға қайтып келуі мүмкін екенін мәлімдеуін және бұрынғы президенттің сол жылы желтоқсан айында Санкт-Петербург қаласында өткен ТМД елдерінің саммитіне қатысуын нағыз билік дағдарысына әкеп соқтырған негізгі оқиғалар деуге болады. Соның алдында ғана жергілікті бір саясаттанушы оған «Елбасының алтын дәуірін» қалпына келтіру үшін батыл шаралар қабылдау қажеттігін айтып, арандатушылық мазмұндағы хат жолдаған еді» – деп сол кездегі саяси жағдайды тура сипаттап берді.

Енді осы президент айтқан саяси жағдайды салмақтап, саралап көрейік.

Қ.Тоқаев былтыр да 3 қаңтарда «Егемен Қазақстанға» көлемді сұхбат бергенде Н.Назарбаевтың саяси этикаға сай емес, ешқандай ережеге сыймайтын ерсі қылықтарының шет жағасын айтып өткен еді. Сол кезде Президент экс- президент туралы ел аузында афоризмге айналып кеткен: «Кеттің бе, – Қайрылма!» – деген қанатты сөзін айтқанын жақсы білеміз...

Бүгінгі президенттің бұрынғы президентке айтқан: «Кеттің бе – Қайрылма?» – деген қағидалы сөзін қалың елдің: «Кеттің бе? – Қаранды батыр» – деп, жаппай жалғастырып алып кетуі – елдің ескі билікке деген көзқарасы деп қабылдадық...

Қ.Тоқаев Нұрсұлтан Назарбаевтың 2021 жылғы қарашада өткен Astana Club жиынында 92 жастағы Махатхир Мохамадты мысалға келтіріп, өзінің Ақордаға қайтып келуі мүмкін екенін мәлімдеуін нағыз билік дағдарысына әкеп соқтырған негізгі оқиғалардың бірі деп, кейін Қаңтар қасіретіне әкелген «қос биліктің» негізгі себептерін шегелей айтып берді.

Ал экс-президенттің Малайзияны экономикасы ерекше қарқынмен өрлеген елге, «Азия ғажайыбына» айналдырған Махатхир Мохамадқа сілтеме жасау мәселесіне келейік.

■ Малайзияда 22 жыл билікте отырған Махатхир Мохаммад елін Азия жолбарысына айналдырып, малай халқын маңдайлы марғасқа елге айналдырса, ал Назарбаев Қазақстанды басқарған отыз жылда, керісінше қазақ халқын не пұлы жоқ, не тілі жоқ малайға айналдырды...

■ Отыз жылда халықтың мұнай мұхитынан қазаққа тамшы ғана тамызып, кен-қазына мен газдың үстіндегі елге тезек жаққызып, Астана жұртына көмір жаққызып, елдің соңына тезек теріп қалдық.

■ Ауылды қанап, жерді талап, бір де бір өндіріс орнын ашпай, өтірік зауыттардың тұсауын кесіп шерулету – шерлі халықтың маңдайына жазылған сор болды.

■ «Билікте тұрғанда ұрлық қылсаң, ұрпағыңның тағдырымен төлейсің?» – дейді әлемді билеген әйгілі Шыңғыс хан.

Біз отыз жылғы биліктің тонауын ел тағдырымен төлеп келе жатырмыз әлі күнге дейін...

■ Еліміздің 55 пайыз байлығын иеленіп отырған 162 олигарх экс президент айтқандай «қолдарынан сүйреп сотқа апаруға» лайықты болса да, әлі ел байлығын иеленіп отыр...

■ Ұлттық идеологиядағы ұлттық мүддемізді, тілімізді құрдымға таяп қойған рухани шығын экономикадағы ұрланған триллиондарды жүз орап алады. Экономикалық шығынның орнын толтыруға болады. Отыз жыл ойран болған Ұлттық-Рухани идеологиядағы банкроттықты ешқандай қаржы мен қазына қайтара алмайды.

Қаңтар қасіретінен кейін үш жылдың ішінде «Ескі Қазақстанды» аңсау акциялары да қылаң беріп қалып жүр. Бұндай Қаңтар қасіреті енді қайталанбау үшін басты кінәлілерді түгел қатаң жазалап, «Ескі Қазақстан» отыз жыл тонаған халық байлығын халыққа түгел қайтару керек! Бұл – Халық күтіп отырған талап!

Бұл туралы президент: «Сондықтан кезінде баз біреулерге орынсыз берілген артықшылықтар мен жеңілдіктерді алып тастау, заңсыз алынған активтерді мемлекетке қайтару – популистік қадам емес, керісінше, әділдік қағидасы негізінде Қазақстанды жаңғырту стратегиясы.

Әділетті мемлекет дегеніміз – құқықтық мемлекет. Онда азаматтардың бәрі заң алдында тең болады, заңдарды, ережелерді және нормаларды қатаң сақтай отырып, жалпыға бірдей мүмкіндіктерді толық пайдалана алады. Айтпақшы, заңсыз алынған қаржы және басқа да активтерді қайтаруға қатысты жұмыстың нәтижесінде 2022 жылдан бері мемлекет қазынасына 2 триллион теңгеден астам (4,1 миллиард доллар) қаражат түсті. Бұл қаржы мектептер мен маңызды инфрақұрылым нысандарын салуға және өзге де әлеуметтік міндеттерді орындауға жұмсалып жатыр. Әділдік дегеніміз осы емес пе?» – деп тұжырымдады.

Иә, еліміз 33 жылда ауыр сынақтарды басынан өткерді. Енді ең бастысы, қазіргі халықаралық геосаяси қиын жағдайда ата-бабамыз, арыстарымыз қанын төгіп, жанын құрбан еткен кең байтақ Жерімізді, Елімізді қасық қанымыз қалғанша қорғай біліп, Тәуелсіздіктің Көк Туын көкте мәңгі желбірете беру! Ол үшін ең алдымен тыныштықты сақтайтын, ырысқұтқа бастайтын ынтымақ басты мақсатымыз болуы тиіс. Мемлекет басшысы айтқандай, «Ең бастысы, «Заң мен тәртіп» қағидатын басшылыққа алып, ел бірлігін көздің қарашығындай сақтап, әділдік қағидатын барынша орнықтыру қажет.»

Президенттің халыққа жасалған арнайы үндеуі дерлік көлемді сұхбатынан көңілге түйгеніміз осы.

Қазыбек ИСА

# АРАЛАС МЕКТЕП АЛЫСҚА АПАРМАЙДЫ

**Қазіргі кезеңде қазақ халқының өзі қазақ тілді, орыс тілді болып, тіл негізінде іштей бөлінуді бастан кешуде. Қарап отырсақ, «Қазақпен қазақ қазақша сөйлессін» деген сөздің мәні мен сыры – ең алдымен өз ұлтымыздың тілдік негізде екіге бөлінуіне жол бермеу ғой. Яғни, мемлекеттік тілдің қайнар көздерін жарқырата ашу, арнаны кеңейту.**

Қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі, педагог-журналист ретінде өз байқауымша, қазағымның тілдік негізде екіге, мүмкін үшке, төртке бөлінуінің негізгі себепкері – отбасы мен мектеп. Әрине, мемлекеттік жоғары билік құрылымдарының, лауазымы жоғары мемлекет қайраткерлерінің қазақ тілінде көсіліп, еркін сөйлеп тұруының маңызы айрықша. Бірақ олар да – отбасынан тәрбие алып, мектепте оқып-тоқығандар. Кеңестік дәуірде 1960-1985 жылдары (басқа уақытты айтпағанда) республикамызда жабылған 700-дей мектептің дені қазақ мектептері болғаны баршаға мәлім. Сол кезеңде балабақшадан, мектептен орыс тілінде сөйлеп шыққан қазақтың ұл-қыздары – қазіргі уақытта ата-ана, алды ата-әже. Күн сайын көріп, байқап жүргеніміздей, олар өз сәбилерімен, немерелерімен орыс тілінде сөйлеседі, қазақ тілін қажет етпейді. Балаларын жетектеп, қазақша балабақша, мектеп болса да, оқу орыс тіліндегі білім, тәрбие ордаларын жағалайды. Ұл-қыздары ұлттық тәрбиеден шет қалады-ау деп те ойланбайтын сияқты. Тіпті қайсыбірі білім болса болды, тәрбие өз-өзінен келеді деген сенімде жүреді. Ана тілі негізінде екінші, үшінші, т.б. тілді үйрену әлдеқайда жеңіл әрі сапалы болатынын, баланы табиғатына жат тілде сөйлеуге мәжбүр ету оның психологиялық, физиологиялық өзгерістерге, әр түрлі дағдарыстарға жиі ұшырауына соқтыратыны педагогика ғылымында айтылып, жазылып, дәлелденгеніне ден қоймайды, жеткілікті мән бермейді. Бауыр еті – балаларының табиғатына мұндай зорлық, өктемдік жасайтын ата-аналар педагогика, психология ғылымынан мүлдем хабарсыз болуы да мүмкін.

Алматы қаласында өткен бір кездесуде менен бір оқушы «Қандай арманыңыз бар?» деп сұрады. Мен азаматтық асыл арманым – бүкіл орыс баласы орысша оқитыны сияқты, бүкіл қазақ баласы қазақ мектебі партасында отырғанын көргім келетінін айтқан едім. Менің бұл арманыма жетуім тікелей ата-аналарға байланысты болғандықтан, отбасылық тәрбие мәселесі мені ерекше ойландырады.

Халық жұмылса, алынбайтын асу жоқ. Шүкір, қазақ мектептерінің саны ақырындап болса да, көбейіп келеді. Оқу орыс тіліндегі мектептердің ұлты қазақ, орыс, корей, тағы басқа шәкірттерінің мемлекеттік тілді меңгеріп шығуы әртүрлі мінбелерден жиірек естіле бастады. Материалдық-техникалық базасы кадрлармен, оқу құралдарымен, т.б. қамтамасыз етілуі бұрын да, қазір де оза даму жағдайында келе жатқан орыс тілді мектептердің мол мүмкіндіктері тиімді пайдаланылса, мемлекеттік тілді үйретуде жақсы нәтижелерге жетуге болады. Қазақ тілі мен әдебиетін қазақша оқыту жүзеге асса (қазақ мектептерінде орыс тілі мен әдебиеті орысша оқытылатыны сияқты), нәтиже жақсара түсері даусыз. Ал қазіргі кезеңде оқу орыс тіліндегі мектептер қазақ әдебиетін оқытуда қазақ ақын-жазушылары шығармашылығы туралы орыс тілінде жазылған ғылыми-зерттеу еңбектерге, мақалаларға әуес. Бұл қазақ әдебиетін зерттеуші ғалымдарды ойландыратын-ақ мәселе.

Соңғы жылдары санын азайту жөнінде әртүрлі мінбелерден, қазақ ата-аналар тарапынан жиі айтылып жүрсе де, керісінше қатары біршама өскен аралас тілді мектептерді қазақ балаларының тілдік тежелу, дағдарыс орталықтары десе де болады. Мектеп –шәкірттер тіл уызын қанып ішетін, қысылмай, еркін, сауатты сөйлеп үйренудің қайнар бастауы болуы тиіс. Ал аралас тілді мектептер, керісінше, қазақ балалары үшін шұбартілділіктің ордаларына айналады. Ал осындай мектептердің сан жағынан өсуінің тоқтамауы – қоғамдық пікірге кереғар іс-әрекет.

Солтүстік өлкелердің біріне республикалық педагогикалық оқулар өткен 1986 жылдан кейін араға ширек ғасыр салып барған сәтім еске түседі. Аудан орталығындағы қазақ тілді мектеп-интернат сол жыл бұрынғыдай әлі де қазақ тілді жалғыз орта мектеп екен. Ал аралас тілді мектептер жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай көбейгенін аңдап түршіктім.

Бұл – сырт көзге байқала бермейтін мектепаралық өзара жұмыс орны үшін талас-тартыстың салдары болуы да мүмкін. Себебі, сынып санының мектеп директоры жалақысына едәуір әсері бар болатын. Кейінде директордың айлық жалақысының сынып санына мұндай тәуелділігі жоқ қой. Дегенмен, ескінің жаңаға оңай жол бермейтіні сияқты, жергілікті білім жүйесі басшыларына таптаурын жолмен жүре берген жеңіл сияқты ма деген ой келді. Сондықтан ұрпағымыздың қалыптасуында тілдік дағдарыс тежеу туғызып, психологиялық зиян шегуіне апарып соғатын аралас тілді мектептерді азайтуға батыл кірісу қажет-ақ шығар.

Қазақстан халқын қалыптастыруда ұйытқылық қызмет атқаратын мемлекеттік тілді дамытуда, байытуда қазақ тілді журналист қауымның ықпал-әсері айрықша. Менің байқауымша, ұстаздар, қаламгерлер мән-мағынасы өте үлкен «халық» сөзін оңды-солды қолданып, жеңіл-желпі ұғымға айналдырып барады. Орыстілді журналистер еш уақытта «народ такого-та поселка» немесе «ауыла», тіпті, «области» деп жазбайды, айтпайды. Басқаны айтпағанда, біздің кейбір радио, телевизия, газет-журналдар «Қостанай халқы» немесе «ауыл халқы» дегенді қоймайды. «Тұрғындар» сөзін білмейтіндей, «халық» сөзінің мемлекеттік саяси мәнін бұлдыратып жібереді.

Сондай-ақ кейде орынсыз ұлыс өкілдерін санамалап, Қазақстан халқының біртұтастығына нұқсан келтіріп жүрміз бе деген де ой туады. Мәселен, бірде жергілікті мәслихат сайлауы барысындағы хабарлардан депутаттыққа ұсынылған кандидаттардың санымен бірге олардың ішінде неше ұлыс өкілі бары қайталайта айтыла берді. Депутаттыққа кандидаттар қай ұлыстан болса да, Қазақстан азаматтығы құқына сүйеніп сайлауға түсетіні мәлім. Ұлтына қарап дауыс берілмейді.

Қазақстан халқын құрайтын көптеген ұлыс өкілдерінің ұлттық өнері мен мәдениеті бірін-бірі байыта дамып келеді. Ал бірақ кейінгі жылдары балабақшадан бастап үлкен сахналарға дейін, той-томалақ қызықтарын жайлап алған «Шығыс биі» дегеннің қай ұлттікі екенін түсінбей-ақ қойдым. Мүмкін қателесетін шығармын, меніңше, бұл – бұрынғы шығыс сұлтандары гаремінің тұтқынындағы сұлулардың биі. Қай жақтан келсе де, мұндай ашық-шашық бидің біздің қыздарымызға, бойжеткендерімізге теріс ықпалы тым көп. Бір мектептің мерейтойында жиналған жұрт алдына жалт-жұлт етіп, кіндіктері ашық қыздар шыға келгенде қатты қысылғанымды еш ұмыта алмаймын. Және бұл би қазағымыздың ұлттық билерін ығыстырып бара жатқандай. Ең қауіптісі, кейінде қыздар жаз айларында көшеде де кіндігін көрсетіп жүретін болды.

Ұрпақ тәрбиесінде ұсақ-түйек жоқ екені рас. Еліміздің ертеңгі тізгінін ұстайтын ұл-қыздарымыз құр еліктеуден аулақ болып, тәуелсіздік рухын, ұлттық өркениет нәрін санасына сіңіріп, өзге елдің озығына ұмтылса тамаша емес пе!

Одан соң қазақ мектебі келешекте кезең-кезеңімен латын әліпбиіне көше ме деген ой бар. Тіл тұғырын бекемдейтін ондай тарихи кезеңнің көшін бастау – қазақ мектебін орта білім беру ісінде бағдаршам болатын деңгейге алып шығатыны анық. Жауапты кезеңде бастауыш буынның бірінші сыныбынан араластілділік туғызып, ағылшын тілін қосақтау – қазақ мектебінің мемлекеттік маңызды міндет биігінен көрінуіне көп кедергі келтіруі мүмкін. Араластілділік мектеп табалдырығын аттаған балауса ұрпақтың еркін білім алуына бөгет болатыны анық.

Кеңестік идеологияның қазақ мектептерін араластілділіктің шылбырына байлау арқылы ана тілімізге тұсау салған саясатының жалғасындай, бірінші сыныптан ағылшын тілін оқытуды енгізуден бас тартқан абзал еді. Жалпы, орта білім жүйесінде, балабақшаларда оқу-тәрбие тіліне қатысты енгізілетін жаңалық атаулының жемісін, яғни нәтижесін он-он бес жылдан кейін ғана көре бастайтынымыз – ерекше ескеретін мәселе.

«Айтпаса, сөздің атасы өледі» дейді, ана тіліміздің жоғалуын тілегендей «үш тұғырлы тіл» тіркесінің қайта тірілгені қауіпті еді. Үш айырлы тіл болмайды. Екінші, үшінші тіл болса да әлемдік тәжірибеде туған тілі негізінде оқытылатыны ақиқат. Әлемдік педагогика ғылымы бастауыш буын «Ана тілі» мектебі деген қағидатты ұстанады. Бұл қағидаттың бұлжымас дұрыстығына көп мысал келтіруге болады. Мәселен, жапондық білім беру ісінде бастауыш мектеп толық ана тілінде жұмыс істейтіні аян. Отарлық бұғаудан шығып, туған тілін сақтап қалу үшін күресе білген фин халқының бүгінде білім жүйесі де, елдік дамуы да озық деңгейде. Ана тілінің бәсі биік болса, отансүйгіштік сезім де жоғары болмақ.

Ана тілін сақтау мен дамыту төңірегінде нақты істерді қолға алатын уақыт әлдеқашан келген. Айналамызға қарасаң, биыл бірінші сыныпқа баратын қызын жаңа оқу жылы басталғанға дейін үш айлық ақылы ағылшын тілі сабағына апаруға мәжбүр болған көрші келін Қарлығаш: «Ана тілінде еркін сөйлеп үйренбеген балаға бірінші сыныптан ағылшын тілін қосақтау дұрыс емес» дейді. Ал бірінші топтағы мүгедек баласының күтімімен үйде отырған, мамандығы ағылшын тілі мұғалімі, жиен келінім Жәзира 1-сыныпты жақсы аяқтаған, қазақшадан орысшаға жақын Алина есімді қызының ағылшыншасына қарап: «Құр жаттау қандай оқу?» дейді. «Мүйіз сұрап, тұқылынан айырылыпты» дегендей, ағылшыншаны бірінші сыныптан бастағанда бара-бара ана тілімізден көз жазып қалмайық...

Бұл орайда, фин халқы сияқты бізге де тарихтан алар сабақ көп. Айталық, ана тіліміздің қайнары қазақ мектебінің жетпіс жыл бойына кеңестік отарлық жүйенің тұқырту саясатынан құтыла алмағанын ұмытуға болмайды. Иә, сонау 1920-30 жылдары даму сатысымен бірте-бірте көтеріле бастаған қазақ мектептеріне арнап Алаш қайраткерлері, зиялылары жабыла жазып шығарған жүздеген оқу құралдары кескіленіп, өртелді. «Қазақ тілі мен әдебиеті», пышақтың қырындай «Қазақстан тарихы» (жеке пән ретінде 1991 жылға дейін сабақ кестесінде болмаған) оқулықтарынан басқаның бәрі орыс тілінен аударылған оқу құралдарының ығына көшірілді. Сонда да ғалымдардың қайратымен, мұғалімдердің өз ісіне өлшеусіз адалдығымен, қазақ мектебі қай ұлтпен де иық теңестіретін түлектерімен көркейіп, дами берді. Бұл дамудың мәскеулік билікке ұнамағанына тарих куә.

Мен табан аудармай, жиырма сегіз жыл қызмет еткен «Қазақстан мектебі» журналы кеңестік кезеңдегі қазақ тілді жалғыз педагогикалық басылым болды. Сол журнал беттерінде 1955-1985 жылдары мектептерді іріленділіру, орталықтандыру, кадрлармен қамтамасыз етуді жақсарту, білім сапасын көтеру сияқты әдемі сөздермен бүркемеленген қаулы-қаралар лек-легімен шығып, 700-ге жуық қазақ мектебі жабылып кетті. Мектеп жанындағы интернаттардың ашылуы қоса жүргізілген. Сөйтіп, қазақ балаларын отбасылық тәрбиеден ажыратып, кеңестік патриоттықты жас ұрпақтың сүйегіне дейін сіңіруге қол жеткізді. Кеңестік идеологияның қазақ балаларын ана тілі құнарынан айыруды көздеген саясаты мұнымен де тоқтамады. Ғылым атаулының бағыттары Мәскеуде бекітілетін сол заманда, 1972 жылы республика Оқу министрінің орынбасары Щербаков аралас тілді мектептер туралы ғылыми диссертациялық жұмысын қорғады. Сол-ақ екен, аралас тілді мектептер жаңбырдан кейінгі көк шөптей қаулады, қазақ мектептері күрт азайды. Көп қалада бір-бірден облыстық қазақ мектеп-интернаттары, астаналық Алматыда бір қазақ мектебі ғана қалды. Оқу орыс тіліндегі мектептерді қазақ балалары толтырады.

Сол кезеңнің ащы жемісін әлі көріп келеміз. Тәуелсіздік таңымен қазақ мектептері қанат жайса да, оқушылар арасында орыс тілі басым қалпында. Бұл – алды атаәже, кейінгілері әке-шеше болған, орысша оқыған қазақ отбасыларының төріне орыс тілі шыққанының көрінісі. Тағы бір себебі, кеңестік дәуірдегідей әлі де жұмыс істеп тұрған қазақ-орыс тілді мектептерге екі тілге бірдей жетік директорлар тағайындауға талаптың жоқтығы немесе орындалмайтындығы. Содан мектепішілік жұмыста орыс тілі басым болады. Сондықтан аралас мектептер мен балабақшаларды бөлу жеделдесе, ана тіліміздің тынысы кеңейіп, өрісі ұзарады.



**Сайраш ӘБІШҚЫЗЫ,**
**педагог-журналист,**
**Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері**

**Қазақтың тілі мен ділі қырқылып, жойдасыз саясат жұлқынып тұрған кеңес дәуірінде ұлттық рухты оятуға ұмтылған аға буынның қайраткерлігіне қалай тәнті болмассыз?! Тыйым мен тығырықтан жол тауып, құндылықтарымызды түгендеудің амалын іздеген азаматтардың ізгі ісі – патриотизмнің нағыз үлгісі. «Қазақта би өнері болмаған» деп шекеден шерткен жатбауырлау ортада мәдени санамызды жаңғыртуға үлес қосқан жандардың бірі Қалқаман Хасенұлы десек, қателеспес едік. Ол Қостанайда алғаш рет қазақ биін ұйымдастырып, өзге ұлт өкілдерінің басын біріктіріп, бастан-аяқ қазақша киіндіріп, қолдарына найза-қылыш ұстатып, ұжымның даңқын аспандатты... Толығырақ Қалқаман ағамыздың өз естелігінен оқың.**
**Елу бес жылдан астам уақыт өтсе де, біраз нәрсе есте қалған. Кейбіреулеріне ғана тоқталып көңіл бөлсек.**



# САРҒАЙҒАН СУРЕТ СЫРЫ

1969 жылы әскер қатарынан елге оралып облысымыздағы құрылғанына отыз жыл толған Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының тарих факультетіне құжаттарымды өткізіп, тамыз айында емтихандарды ойдағыдай тапсырып оқуға түстім. Ол уақытта өңіріміздегі ең бір беделді оқу орны осы пединститут болатын. Оқығысы келетін жастардың басым көпшілігінің еліміздегі басқа қалаларға барып оқуға түсуге жағдайлары көтере бермейтін. Оның үстіне, сол кезде тарих факультетіне түсетіндердің қарасы көп болатын. Себебі, ол факультетті бітіретіндердің жұмысқа тұруы, мамандық таңдау мүмкіндігі мол еді. Олар білім беру саласында, жергілікті атқару, басқару, партия мен кәсіподақ орындарында, мемлекеттік қауіпсіздік комитеті мен ішкі істер органдарында, жастар ұйымдарының жетекшілері мен басшылары болып тағайындалуына, сайлануына тікелей жол ашылатын.

Дайындықтары терең, ойөрістері кең, білім-ғылым жолына түсетіндердің де басым көпшілігі тарих факультетінің түлектері болатын.

Ол кездегі студенттердің басты мақсаты қалай да жан-жақты, салмақты, терең білім алумен қатар, қоғам жұмысына саналы түрде белсенді, өз еркімен араласуы да мемлекеттің қолдауы мен қоғамның талабынан туындаған үрдіс болған еді.

Жақсы білім алып жатқан жастар ертеңгі өмірге институт қабырғасында жүріп-ақ әртүрлі қоғамдық-саяси, рухани, отансүйгіштік тақырыптарға арналған іс-шараларға тығыз араласып, тәжірибе жинап дайындалатын. Өз басым үш жылдай әскер қатарында болғанымда партия қатарына өтіп, рота жауынгерлер жастарына (135 адам) қоғамдық негізде жетекшілік жасап, патриоттық, саяси-қоғамдық іс-шараларды өткізіп жүрдім. Сөйтіп тәжірибе жинадым. Институтқа түскен сәттен-ақ студент жастар жұмысына қызу кірісіп кеттім. Факультет, институт жастар ұйымдарында оқу тәрбие, саяси, спорттық, патриоттық, өнер салаларын жандандыруда атсалысатынбыз.

Студенттердің ондай көп мерзімге созылатын оң істері институт, қала, облыс басшыларының назарынан тыс қалмайтын. Соның бір көрінісі – тарих факультетінің ІІІ курс студенті Жақып Қалқаманды 1971 жылдың 19-шы қазан айында Мәскеу Бүкілодақтық студенттердің І слетіне делегат сайлап шығарып салғаны. Онда Кремлеідің наградтау залында алғашқы рет «Ерен еңбегі үшін» медальмен марапатталғаным ұмытылмас сәттердің бірі еді.

Қостанай қаласындағы Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-интернатта оқып жүргенде қалалық жасөспірімдер сарайындағы би үйірмесіне қатысқан жалғыз қазақтың баласы болатынмын. Әскерден оралған соң өнерімді жалғастыру мақсатымен облысымыздағы жаңа ғана құрылған «Кустанайские зори» би ансамблінің белсенді мүшелерінің бірі болдым.

Мен 1969 жылы пединститутқа түскенде оқу орнымыз қазақтың қас батыры Амангелді Иманов атында болатын. Бұл атау институтымызға 1944 жылдың шілдесінде арнайы үкіметтің қаулысымен берілген.

Ал 1972 жылы бұрынғы атауды белден басып, ұжыммен ақылдаспастан, талқыға салмастан, «КСРО-ның 50 жылдығы» деген атаумен институтымыз бір сәтте өзгеріп шыға келді. КСРО-ның құрылғаны 1922 жылдың желтоқсан айы болатын.

Одақтың өркендеп дамуына қазақ елі де аянбай еңбек етті. Осыған біз студент жастар өнеріміздің бір саласы би арқылы ұн қосайық, халқымыздың батыр, рухы биік, намысы мықты, азаттық пен бостандық жолында жан қиярлық ерлік көрсете білген қазақ осындай деген ойды тек қызуқанды қазақ жігіттерін жігерлене түсетін қылыш, қалқан, найза сол бір жаумен кескілескен ұрыстың көрнісін сахналаған едік, көрермендер күтпеген сәтті, бұрын көрмеген би болды. Осы «Жігіттер» би тобының ұйымдастырушысы, жетекшісі, хореограф, режиссер қоюшысы болу бақыты маған бұйырған екен. Шынын айту керек, осындай қазақ биін армандап жүргенде мен соны өзім сахналаймын деген ой болмады.



Бірақ бірде сол облыстық «Кустанайские зори» би ансамблінің жетекшісіне: «Кешірерсіз, осы біз қалалық облыстық концерттерде орыс, украин биін, «гоннигин» венгр биін, солдаттар биін, тіпті сыған биін де сахналап жүрміз. Біз Қазақ елінде тұрып, неге қазақтың ерлер биін көрсетпейміз?» – деп ойымды аяқтап үлгергенім сол еді, жұлып алғандай: «Казахстанде ерлер биі жоқ!» – деп қысқа қайыра салды. Мен ақырын ғана: «Онда бұл ансамблде мен енді билемеймін», – деп, сол арада киініп, кетіп қалдым. Кейін жетекшім институтқа талай телефон соқты, шағымданды, бірақ мен сол кеткеннен қайырылып бармадым. Оның есесіне институтымызда құрамында 10-12 студенттерден тұратын «Жігіттер» би ансамблі өмірге келді.

«Жігіттер» би тобының мүшелері мына суретте тұр. Бірінші қатарда отырғандар (оңнан солға қарай):

1. Жақып Қалқаман, жетекші, ұйымдастырушы, қоюшы, сценарист;
2. Физмат студенті;
3. Махновский Николай, тарих факультетінің студенті;
4. Қабылдин Қылыш, физика-математика факультетінің студенті.

Екінші қатарда тұрғандар (оңнан солға қарай):

1. Ибраев Болат, физика-математика факультетінің студенті;
2. Шайынов Бейбіт, тарих факультетінің студенті;
3. Ергелдинов Кеңес, тарих факультетінің студенті;
4. Дүйсенбин Барыс, физика-математика факультетінің студенті.

Ал бишілердің қолдарындағы қалқан мен найзалар студенттеріміздің өз қолдарымен жасалып, оюланып, боялған еді.

Сөйтіп, алғаш қысынан-ақ «Жігіттер» би ансамблі институтымыздағы факультетаралық, қалалық, облыстық бишілер өнерпаздары байқауында І орынға ие болып отырды. Каникул кездерінде біздің ансамбліміз үлкен концерттік құрамға еніп, Қостанай, Рудный, Лисаков, Федоров, Наурызым аудандарына барып, халық алдында өнерлерін көрсетіп, ел еңбекшілері ризашылық көңілмен алғыстарын білдірді.

1973 жылдың жазында біздің бишілер тобын республикаға шақырды. Бірақ жаз айларында студенттеріміз ауылдарына кетіп қалғандықтан, оларды жинау мүмкін болмай, Алматыға бара алмадық. Би тобының мүшелері тек пединститут студенттері және қазақ ұлт өкілдері еді.

Осы тұста айта кететін нәрсе, сол уақыттың солақай саясатының салқын болғаны соншалықты, мені «ұлтшыл» деп атамас үшін би тобының құрамына өзге ұлт өкілдерін қабылдадым. Бірақ олар екінші резерв тобында болатын. Олардың біреуі неміс ұлтының өкілі, екіншісі кәріс ұлтының өкілі-тін. Екеуі де тарих факультетінде оқитын.

«Жігіттер» би тобы Ресей жерінде де халықпен қауышты. 1972 жылы тарих факультетінің ІІІ курсының жазғы емтихандарын мерзімінен бұрын он студенттің бірі болып тапсырып, мамыр мен қараша айлары аралығында Қара теңіз жағасындағы «Артек» халықаралық жастар лагерінде, сол кездегі бүкілодақтық пионерлер лагерінде вожатый болып алты ай қызмет атқардым. Онда да осы пионерлер ұйымының құрылғанына 50 жыл толуына байланысты «Жігіттер» биін қойып, он пионер лагері ішінен, демалып жатқан бір мыңнан астам жасөспірім арасынан менің «Алмазная дружинадағы» 2-ші отрядымнан (он екі ұл бала) әр ұлттың өкілінен жасақталған бишілерім І орынға ие болып, сол уақытта «Артектің» үлкен медалімен әрқайсысы және би тобының жетекшісі, қоюшы ретінде мен де марапатталдым.

Сөйтіп, сонау алыстағы Қара теңіз жағасында, жеті ұлттың өкілінен құрылған қазақтың «Жігіттер» биін билетіп, қазақтың құдіретті өнеріне бастарын идіріп, маңдайларын жерге тигізіп, қасиетті қазақ биін орындаған балалардың да, өзімнің де қуанышқа бөленген кезеңімізі әлі көз алдымда. Алаш ардақтыларының бірі, өнер саңлақтарының бірегейі, ұлтымыздың әйгілі композиторы Ахмет Жұбановтың «Би» күйінің әуенімен сүйемелденген бишілер тобы қаһарман қазақтың жауынгерлік жігерлі биін дүбірлетіп алып кеткенде Қара теңіздің ақ көбік шашқан толқындары тұншыға тоқтап, Қырымның қария таулары құлақтарын тік түріп, үн шығармай таңдана тыңдағандары-ай! Өмірдегі ұмытылмас қуанышты сәттердің бірі-ай, шіркін!

Бұл да болса биыл торқалы 85 жылдығын тойлап жатқан Ахмет Байтұрсынұлы атындағы өңірлік университетінің бір парақ тарихынан белгі емес пе?

**Қалқаман ЖАҚЫП,**
**А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік Университетінің профессоры, философия ғылымдарының кандидаты, Қостанай қаласының Құрметті азаматы, Пединституттың 1974 жылғы түлегі**



# Шын есімі –

## Қазақтың Мәкесімен болған әңгіме

**Қайсысымыз болсақ та, өзіміз жан тартқан адам туралы ыстық лебіз білдіргіміз келгенде: «бірегей», «біртуар» деген теңеулерді таңдап алып, сөз нөсерін төгіп-ақ бағамыз, ал сол «бірегей» мен «біртуарлардың» кейбіреуі төңірегіндегі түрлі жағдайға қарай құбылып, бірде қымбат, бірде арзан болып, кеше олай, бүгін былай, ертең алай сөйлеп, жұртты көрінеу адастырады, яғни, бір мәселені ойлауы, айтуы, істеуі бірбіріне мүлде ұқсамай, кәдімгі кесірткеше «құйрығымен күн көреді».**

Енді бірі, мәселен, өзінен жоғарыдағы кейбіреулерді сыртынан мысқылдап, кекеп-шалып жүреді де, онымен көпшілік алдында кездесе қалғанда оның шуашын шайына езіп ішуге дайын жалбақайға айналып, қызыл тілінің майы мен қанын қатар ағыза мадақтағанын естігенінде жүрегің айниды.

Әл-Фараби атындағы Мемлекеттік ұлттық университетімізде сондай бір «спектаклді» көргенімнің ертеңінде Хакім ағамызға... Михаил Иванович Есенәлиевке телефон шалып, мән-жайды баяндап беріп:

– Мәке, ол қалайша? Студент те, кандидат та, доктор да емес, академик ұстаз деген дардай атағы бар кісінің онысы несі? – дедім. Ол күлді де:

– Дәріс оқығанның бәрін «ұстаз» дей беру дұрыс емес. Ұстаз қай қырынан қарасаң да міні жоқ дерлік адам, ал сен айтып отырғандай «анаулар» – хамелеондар. Келісесің бе? – деді.

Мәкенмен қашан, қайда, не, кім туралы болсын пікірлессең де, онымен келіспеуің мүмкін емес-ті. «С» әрпін «с» мен «з» әрпін қосып айтқандай қызық етіп, бірқалыпты жұмсақ қоңыр үнмен сөйлейтін ұстаз аға нендей мәселенің де мән-жайын жете бажайлайтын.

***

Хакім ағамен алғаш әңгімелескенім 1984 жылдың жазында (егер жаңылыспасам, шілде айының аяқ шені).

Бұрын Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің пленумдарында, ол өткізген о жиын мен бұ жиында, Жазушылар одағында кездесіп, ресми ғана сәлемдесіп жүргеніміз болмаса, іркіліп сөйлесіп көрмегенбіз. Бір күні, сағат 11 кезінде, қабылдау бөлмесіндегі хатшы келіншек кіріп:

– Ағай, телефон тұтқасын көтеріңізші, Есенәлиевпін дейді, – деді.

– Қабышев тыңдап отыр, – дедім, тұтқаны алып.

– Әскери шеніңіз қайсысы? – дейді қуақы қоңыр дауыс.

– Сіз кімсіз? – дедім, тосын сауалына еріксіз таңданып, хатшы келіншек айтқан ныспысына ой жүгіртіп те үлгірмей.

– Есенәлиевпін ғой, Михаил Иванович, Сыртқы істер министрлігінен.

– Ә, Мәке, ассалаумағалейкүм!

– Уағалейкүмассалам! «Қабышев тыңдап отыр» дегеніңізге қарағанда, ең бері қойғанда не капитан, не майор шеніңіз бар әскери адам болған шығарсыз деп ойладым, қателескен жоқпын ба? – дейді жылы сөйлеп.

«Оңбай қателестіңіз» дей жаздап қалып, тілімді тежеп үлгеріп:

– Әжептәуір қателестіңіз, Мәке. Мен әскердің маңына жоламаған жанмын, тым құрыса Гитлердей ефрейтор да болып көрмедім, – дедім. Ол балаша мәз болып күлді де:

– Республикалық «АраШмель» журналының Бас редакторында тура телефон жоқ па еді, цеканың служебный справочнигінен таба алмадым, – деді.

– Бар ғой. Біреу-міреуге керек болған соң алып қалған да, – деп едім, ол тағы күлді де:

– Endeше, Ғабеке, сол нөміріңізді алып, маған кіріп шығыңызшы, бір әңгіме бар. Орныңыз, бойыңыз үлкен болғанмен жасыңыз кіші ғой, тіл аларсыз, ә? – деп әзіл тастады.

– Мәке-ау, аға шақырғанда иіде табандар дәт бола ма, қай сағатта барайын?

– Түстен кейін қалаған уақытыңызда келе қалыңыз!..

Сағат 3-те (15-те) бардым. Мир көшесіндегі бір қабат ағаш үйдің кеңдеу бөлмесі. Министр емес, шірегенде министрліктің бөлім бастығы отырар жұпыны кабинет.

Мәкең орнынан домалана тұрып, үстелінен қолын ұсына шығып қарсы алды. Сәлемдестік, хал-ахуал сұрастық. Сәл қиыстау тұрған дөңгелек үстелше басына жайғастық. Шай алдырды.

– Кабинеттің кескіні осы, сіздерде мұндай жоқ шығар? – деп жымиды.

– Мәке, айырбастайықшы, бізде қыста салқын, ал жазда ыстық, түстен кейін күн шақырайғанда төбемнен табаныма дейін терлеп есім шығады, – дедім.

Журнал редакциясы Алматының әйгілі көкбазары маңындағы шыны-бетон он екі қабат ғимараттың ең үстіндегісінде еді. Мәкең күліп:

– Айырбастайық, – деді де, орнынан тұрып барып, бір ғимараттың шағын макетін алып келіп: – Міне, бұл – болашақ кеңсеміздің макеті, өзім айтып отырып жасаттым, келесі жылы осында отыратын боламыз, – деп, оның неше бөлме екенін, ішкі-сыртқы бейнесі қандай болатынын, төңірегіне тағы бірер ғимарат салынатынын, қазіргі отырған үйлерінің сақталатынын, себебі, оның тарихи құрылыс екенін құдды сәулетшіше ғажап ықыластана әңгімеледі.

Біз жақсылап таныстық. Министрлігінің бүгіні мен ертеңі туралы ой толғады. Әдебиетке, өнерге, баспасөзге, біздің сатиралық журналға қатысты пікірлерін айтты. Әңгімеміздің аясы кең болды. Партияның Орталық комитетінде мәдениет бөлімін он екі жылдан астам басқарған Мәкең жайында көбінесе мақтау сөз естігенмін. Керісінше айтатындар да кездеседі, бірақ, ондайлар аз-ды.

– Мәке, мына кедесуіміз мен үшін бір қымбат сәт болды, кілегей қатқан күрең шайыңыз қандай, шіркін! Көп-көп рақмет! Көп ұзамай келесі жолы әңгімелесерімізге шейін сізге бүгінгі соңғы бір сұрағымды қояйын ба? – дедім. Ол кішкене көзі күлімдей қарап, басын изеді.

– Орталық комитеттегі жұмыстарыңызға ризасыз ба? Өкінішіңіз жоқ па? – дедім.

– Ризамын да... өкінішім де жоқ емес... – Мәкең сәл жымиып алды да, байсалды қалпына көше баяу сөйледі: – Заңгердің дипломымен дипломат міндетін атқардым. Басқасын айтпағанда, Орталық комитеттің мәдениет бөлімін он үш жылдай басқарғаным сонша жыл дипломат болғаным. Әдебиет, өнер адамдарын өзің білесің, ортасында жүрсің, олардың қай-қайсысымен болсын дипломат тілімен сөйлеспесең, ол сүрінгенің ғой. Бір-екі сүрінген соң жығыласың, жатасың. Мәселен, егер жазушыларды айтсам: пікір таласынан жалықпайтын Ілияс Есенберлинмен, әншейінде бала сияқтанып жүрсе де, ой қақтығысында қайраулы қанжар болып кететін Әнуар Әлімжановпен, күндей күркірей калатын Жұбан Молдағалиевпен, биіктен сөйлеуге құмар Олжас Сүлейменовпен... қайсыбірін айтасың, кез келгенімен даулы бір мәселені шешу дегенің – қып-қызыл от кешкендей қиындық. Тағы бір жазушымызға қалжыңдап айтқаным бар: сенімен түсінісуден гөрі мемлекетті басқарған оңай шығар деп. Шыны солай ғой, қалай, рас па?

– Білмеймін, мемлекет басқарып көрген жоқпын, – деп әзіл жауап қайтардым.

– Әй, сатирик... Айтпақшы, осы сендермен, сатириктермен, істес болған емеспін, сендер, былайда шатақтау тәрізденгендеріңмен, дауласуға жоқсыңдар, а? – деді ол құлана сөйлеп.

– Иә, біз дауға жоқпыз, жоғары-төменге арыз жазғанша әзілсықақ әңгіме-өлеңімізді жазып тыныш жүргенді ұнатамыз.

– Рас айтасың... Ал өкінішім дегенім... мен сол он екі, почти он үш жылда арызданған, айтысқан-тартысқан ағайындарды бітістіруші кәдімгі дипломат болдым. Жоғарыдағы басекендерім... Дінмұхамед Қонаев пен Саттар Имашев: «Олай шешпе, бұлай шеш!» – деп қиыс тартады, дәлелдеріме құлақ коя бермейді, ал шағым иесіне олардың әмірін жеткізіп әлек бола алмайсың, еріксіз өз сөзіңмен жұып-шайып, «кейінірек көрерміз» деп шығарып саласың. Партиялық... не дейміз, этика дейміз бе?.. Өйтпесің болмайды. Төс пен балғаның арасындағы темірсің... Көп жағдайда дұрыс шешім жасадым, соған ризамын, бірақ, бірер мәселеде болсын ойың орындалмағаны кісіге ауыр тиеді, соған өкінесің.

Хакім аға ақиқатын айтты. Түсіндім. «Құрысын!» деп қолды бір сілтеп тұрып кете берсе, «Бәрекелді! Бері кел!» дейтін екінші орын қайда?.. Партия «саптыаяққа ас құйып, сабына қарауыл қойып» отырады.



**Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ,**
**жазушы**




# Хакім еді

## Азамат

**«Азамат» сөзі әу баста қазіргі қолданыстан басқашалау, жігіттің жігітіне ғана айтылар биік ұғымға ие еді. Тіл дәмін түйсінер «кәрі құлақ» қариялар әлі де сол мағынасында жиі қолданады. Ол қолданыстың мәнін қағаз бетіне әлсіретпей түсіру үшін, үлкен әріппен бастап жазып, соңына леп белгісін қойып отыру керек сияқты. Қазіргі төлқұжаттағы терминдік атау жалпыға ортақ болғанмен, бәріміз бірдей әлгі қазақы талапқа жауап бере алмасақ керек.**



Шын мәніндегі Азаматтар қай заманда да қадау-қадау ғана болған ғой. Осы тіршілікте соқпағым жанасқан ірі тұлғаның бірі – Михаил Есенәлиев.

Бір қызығы, менің өмір жолымда ұшырасқан белгілі адамдардың әралуан артық қылықтарымен қатар, әртүрлі кемшіліктері қоса жүретіні. Ал мына кісі – көңілім жан-жақты толған бірден бір Азамат. Бұл кісінің бойына ақыл, білім, мінез, ұйымдастырушылық қабілет, кісілік, кішілік, ерлік, қайсарлық, адалдық сияқты қасиеттер түгел тоқайласқан.

Бір жолы республикалық бір газет менен «ел жақсысы дегенді қалай түсінесіз және кімді атар едіңіз?» деген сауалға жауап сұрады. Мен талай жақсының арасынан Михаил Есенәлиевтің есімін бөле жара атадым да, неліктен солай деп есептейтінімді баяндадым. Өйткені, мен оны мемлекет және қоғам қайраткері ретінде ғана емес, үлкен-кішіге бірдей ілтипаты мол, кісілікті адам ретінде де білуші едім.

Кезінде мен Михаил Ивановичтың қарамағында қызмет істедім. Ол кезде бұл кісі партияның Орталық Комитетінде Мәдениет бөлімінің меңгерушісі еді. Қол астында жүргесін, әрине, өмірбаянынан хабардармыз: Ресейдің Саратов облысында туған, сонда өсті, оқыды, жоғары білімді Мәскеуде алған, аспирантура тәмәмдаған. Қазақстанға тың игерушілер қатарында комсомолдық жолдамамен келіп, Павлодар облыстық комсомол комитетінің екінші, сонсоң бірінші хатшысы болған. Одан партия қызметіне ауысып, Алматы қалалық комитетінде хатшы болған. Содан ҚКП Орталық Комитетіне ауысқан. Сонысына қарамай, қазақша таза сөйледі және мақалдап, мәтелдеп сөйлейді. Азан шақырып қойған есімі – Хакім екен. Әйткенмен, өзі қатарлы үзеңгілес жолдастарының айтуынша, Қазақ еліне жаңа келгенде ана тілінде бір ауыз сөз құрастыра білмеген көрінеді. «Апыр-ау, қазіргідей осынша жақсы сөйлеу үшін жатпай-тұрмай үйренді ме екен?!» деп еріксіз таңырқайсың. Қызылорда яки Шымкент облысында жүрсе бір сәрі, Павлодар мен Алматы бұл кісінің тілін қалай сындырған?!

Сөйтсек, оның үлкен сыры бар екен: бар мәселе оның өз ұлтына деген сүйіспеншілігінде, қазақтық намысында екен.

Бір жылдары Қазақстандағы Тың игеру тақырыбына арналған «Нан дәмі» атты кинофильм түсірілді де, монтаждалған алғашқы нұсқасы партияның Орталық комитетінде талқыланды. Фильмде қазақ халқының қарапайым өкілі ретіндегі бір әйел бейнесі бар екен: жүріс-тұрысы да, сөзі де, қылығы да мүлдем ерсі, тұрпайы, далақтаған нағыз салдақының өзі болып шығыпты. Әңгіме осы рөл туралы болғанда, белгілі бір орысқолды режиссер ағамыз: «Өте тамаша жасалған бейне, осындағы нағыз колоритті бейне!» деп өзеуремесі бар ма.

Орталық Комитеттің хатшылары, бөлім меңгерушілері, министрлер секілді кіл ығай мен сығай қатысып отырған-ды. Қазақтар жағы жаппай ыңғайсызданып қалысты. Сол кезде Михаил Иванович әлгі режиссерге оқыс бұрылып, тістене: «Әй, сенің өзіңде түк намыс жоқ екен ғой!» деп қазақша зеки күбірледі. Құлағы шалған қазақтардың айызы қанды, орыстар ештеме ұққан жоқ. Кішкене ғана штрих қой. Бірақ оның қай жерде, қай кезеңде, кімдердің көзінше айтылғанын ескерсең, еріксіз тәнті боласың. Бұл кісіні тұлға ретінде танып, ықыласым құлауы дәл осы оқиғадан басталды.

Әйтсе де, бірге істеп жүрген кезімізде Мәкеннің қадіріне анық жете алдық дей алмас едім. Кімнің болсын, ненің болсын қадір-қасиеті салыстырғанда көрінеді ғой. Ол кісінің Азаматтық тұлғасын кейін өзге қызметке ауысып кеткесін айқынырақ танығандай едік. Бұрын біз бөлім ішінде өтетін мәжіліс, жиналыстарда көңілдегі түйткілдерімізді іркілмей, еркін айтуға үйренгенбіз, кейінгі бастықтар бізден, негізінен, «ләббай» дәмететінін байқадық.

Михаил Иванович бізге: «Әдебиет пен өнердің әрбір қайраткері – жеке министрлік. Әрқайсысымен дара-дара жұмыс жүргізу керек» деп үйрететін-ді. Өзі осы принципті тұтынатын. Дарын иесін жас демей, жасамыс демей қабылдап, тілін тауып сөйлесіп, қолынан келген қамқорлығын жасаушы еді. Жас әнші, музыканттарды өзі шақырып алып, ұзақ-ұзақ әңгімелесіп отыратын. Кейінгілер өнер иелеріне кісімсініп қарайтын болды.

Бірде Әсет Бейсеуов бір шенеунікті өзінің шығармашылық кешіне шақырып: «Бәленшеке, үйдегі құрдас екеуіңізді де күтем» деген еді. Соған анау шала бүлініп: «Құрдасты тапқан екен, қайда келіп, кімді шақырып отырғанын ұқпайтын бұл неткен адам!» деп шала бүлінгені әлі күнге көз алдымда. Қайран, әумесерлік-ай! Қазір оның баржоғын кім біліп жатыр! Ал Әсет марқұмның абырой- атағы қайда жүр!

Михаил Ивановичтың кісілікті келбеті осындайда еріксіз еске түсетін. Мәселен, мынадай жәйт: бір жылы жас сыншы Сағат Әшімбаевты комсомол басшылары «Лениншіл жас» газеті редакторының орынбасары қызметінен босатып жіберді. Жұмысқа орналаса алмай, біраз жүріп қалғаны бар. Соны көріп ренжіген Михаил Иванович: «Жігіттер, осы қылықтарың үшін кейін өкінетін боласыңдар. Сағат талантты жігіт, оны бүйтіп шетқақпай ғып тастағандарың ұят» дегені есімде. Сонан соң өзі кірісіп, сол тұста босай қалған ВААП бөлімшесі бастығы қызметіне тағайындатып жіберді.

Сол секілді ірілі-ұсақты жәйттер Михаил Ивановичтің күнделікті атқарар міндеттерінің жібек арқауы іспетті еді. Сондықтан да әдебиет пен өнер қайраткерлері оны аса қадірлейтін. Осы күндері олар өзімізбен ұшырасып әңгімелесе қалғанда сол кезеңді «Қазақ мәдениетінің алтын дәуірі» деп атайды.

Бұндай баға бүгінгі күн үшін ғана емес, мәдениет пен өнерге тәп-тәуір мән берілетін сол заман үшін де дәл еді. Мәдениет саласындағы басшылық пен қайраткерлер арасындағы жарасымды түсіністік, өзара сыйластық Михаил Ивановичтың бұл саладан ауысуымен бірге жоғалды десек те болғандай. Өнер мен әдебиет өкілдерін бағалаудағы ең басты шарт болып табылатын талант деңгейі мен қайраткердің азаматтық болмысы дейтін өлшемді кейін жерлестік, ілік-шатыстық сияқты шылықтар алмастырған-ды.

Маркұм Ғафу ақынның Жазушылар одағындағы бір жиналыста: «Халық жазушысы деп атақ береді, ал онысын халық білмейді» деп ашына сөйлейтіні сол тұс еді.

Орыс халқында: «Адам ажарын орын кіргізбейді, орын ажарын адам кіргізеді» дейтін жақсы мақал бар. Михаил Иванович қайда жүрсе де, өзінің ірі қайраткер тұлға екенін танытумен болды. Биік мансап бұл кісінің сол болмысын аша түсуге қызмет ететін. Біреулер орынтағын пайдаланып өз жағдайын күйттеп жатса, Мәкең оны мемлекет пен халық мүддесіне қызмет етуге жұмылдыратын.

Мейлінше адал, принципшіл Михаил Есенәлиев, әсіресе, ел басына аумалы-төкпелі заман тап болғанда тұлғалана түсті. Бұрын біз оны кішіпейіл кісілігі үшін жақсы көріп, жан-жақты білімділігі, ақылдығы үшін сыйлап, БҰҰ-ның биік мінберінен туған халқы атынан сөз сөйлеу құрметіне ие болған тұңғыш қазақ ретінде мақтаныш тұтсақ, сол бір аласапырандар тұсында шын асылға лайық іс-әрекеттеріне анық тәнті болдық.

Қайраткер ағамыз жетпістің жалына қол салып тұрған кезінде де тұғырдан тайған жоқ. Зейнеткермін ғой деп үйде қол қусырып қарап отырмай, қоғамдық, мемлекеттік шаруаларға белсене араласты. Бірінші сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл деген дипломаттық атағы бар ол әлгі кезде Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Ерекше тапсырмалар жөніндегі Елшісі қызметін атқарды.

Әйтсе де, қазақ өнері мен әдебиет қайраткерлері оны өз адамымымз деп есептеді. Михаил Иванович, қашан көрсең, өнер саңлақтарының шығармашылық кештерінде, театрлардың жаңа қойылымдарында отыратын. Әдебиет пен өнер қайраткерлері мерейтойларының құрметті қонағы ретінде төрден орын ұсынатын. Шын Азаматын халық аса жақын тұтты. Азаматтың абыройы да, өзі де жалпыға ортақ деген, бәлкім, осы шығар.

**Марал ЫСҚАҚБАЙ,**
**жазушы**

АРНАУ

### ЖЕТПІСІҢНІҢ КЕМЕСІ ЖЕЛКЕН ЖАЙЫП...

*(М.Есенәлиевке)*

*Аттағанда тіршілік қақпасынан,*
*Бастадыңыз еңбекті бақташыдан.*
*Той кешінде толғанып қалайын бір,*
*Жан түбінде жасырын жатпасын бір,*
*Жалтармайтын жандардың тіреуі өзің.*
*Табылатын шындықтың тап қасынан.*

*Туылса да Ресейдің Саратында,*
*Елге деген жатты ұғым санасында.*
*Ұлтқа, руға ешкімді жіктемеген,*
*Тұғырында толқиды дара тұлға.*

*Өркендесе екен деп өрім жасты,*
*Өмірдің ой толғадың төрінде ащы.*
*Адамдықтың жүрген соң атын тартып,*
*Өзіңді кеттім іштей көріп жақсы.*

*Таң шапағын толтырып көзге тұнық,*
*Биіктерге үн қаттың жерде тұрып.*
*Жетпісіңнің кемесі желкен жайып,*
*Өмір-теңіз, келесің тербетіліп!*

*Жыр көрігі суынбай, жансын гулеп,*
*Өміріңіз, жақсы Аға, қалсын жыр боп.*
*Шындық үшін орнатқан ортадағы*
*Секілдісің қозғалмас алтын діңгек!*

***Марфуға АЙТҚОЖА,***
***ақын***

**В течение 30 лет длился спор за небольшой остров, имеющий 3,2 км в длину и 2,4 км в ширину, в Бенгальском заливе между Индией и Бангладеш с высадкой военных моряков, пока в марте 2010 года океан не поглотил его. Это не анекдот, а реальный случай, который в целом характеризует человечество в контексте глобального изменения климата. Ведь немало стран вели и ведут споры (и даже войны) за острова, новые территории, Арктику, Антарктиду, Луну и т.д., когда в последнее время исчезают не только острова. К тому же в XXI веке больше территории исчезает, чем появляется.**



# ВОЙНЫ И АГРЕССИЯ ЧЕЛОВЕКА – ОСНОВНЫЕ ПРИЧИНЫ ИЗМЕНЕНИЯ КЛИМАТА

### КАЖДЫЙ ГОД – САМЫЙ ЖАРКИЙ!

В настоящее время наша планета претерпевает небывалые глобальные изменения. За последние 50 лет климатические катаклизмы стали происходить в 5 раз чаще, в результате чего погибли миллионы людей. Например, только в одном 2005 году стихии унесли жизни 92 000 человек, и с каждым годом эта цифра увеличивается.

Мир находится на пороге глобальных изменений – идет не только переформатирование прежней системы международных отношений, поиска новых путей развития, но и изменение самой планеты.

Многие данные говорят о том, что ныне мы находимся на пороге нового глобального цикла – все земные, космические процессы имеют циклическое развитие. Нам выпало жить в эпоху всевозможных войн, конфликтов и природных катастроф, когда сам баланс жизни на Земле оказался под угрозой по вине человека. Это требует не только адекватного осмысления, но и научного объяснения, прогнозирования выхода из создающейся тупиковой ситуации развития человечества.

Например, в последние годы летом установилась рекордная жара, а прошлогодний июль (как и нынешний) стал самым жарким месяцем на планете в истории наблюдений, как и весь 2023 год! Небывалыми темпами тают ледники, вечная мерзлота – она оказалась невечной, Арктика – один из самых быстро теплеющих регионов мира, к тому же постепенно становится судоходной и т.д.

В последнее время каждый год характеризуется как самый жаркий! Эта тенденция началась с 2010 года, который был объявлен самым жарким за всю историю метеонаблюдений. 2011 год уступил рекордному предыдущему, но стал самым жарким в отдельных странах, например, во Франции за последнее столетие, а в России июнь 2011 года вошел в историю как самый жаркий в метеорологической летописи.

В те годы Всемирная метеорологическая организация опубликовала подробный анализ глобального климата за период 2011-2015 гг. как самого жаркого пятилетнего периода в истории наблюдений, а также периода экстремальных погодных и климатических явлений с опасными и дорогостоящими последствиями.

2014 год вошел в историю как рекордно теплый год: таковыми объявили затем и 2015, и 2016, и 2017 годы! В итоге наиболее жарким годом за все время наблюдений, начиная с 1880 года, признали 2016 год, а 2017 год стал третьим после 2015 – второго «рекордсмена».

Жарким являлся и 2018 год. И +50 градусов в Африке и Ближнем Востоке, и + 41 в Японии, и небывалые + 33 градуса в Скандинавии, и +32 в Мурманске мало кого удивляли летом. А жара в Мексике и юге Калифорнии вообще воспринималась как само собой разумеющееся.

Но на этом история рекордной жары не заканчивается, а продолжается. Последние четыре года стали самыми теплыми за весь период метеорологических наблюдений. Согласно докладу Всемирной метеорологической организации (ВМО), представленному в сентябре 2019 года, на данный момент температура превышает температуру доиндустриальной эпохи по крайней мере на один градус Цельсия, в связи с чем мы близки к тому, чтобы взять на себя, по мнению ученых, «неприемлемый риск».

В принятом в 2015 году Парижском соглашении об изменении климата содержится призыв к удержанию прироста среднемировой температуры намного ниже 2° С сверх доиндустриальных уровней и к приложению усилий в целях ограничения роста температуры до 1,5° С сверх доиндустриальных уровней.

По мнению экспертов, если мы не замедлим темпы глобальных выбросов, то к 2100 году температура может подняться до 3° С сверх доиндустриальных уровней, что нанесет дополнительный непоправимый ущерб нашим экосистемам.

### НЕ ОПРЕДЕЛЕНЫ ПРИЧИНЫ ВЫБРОСОВ?

Конечно, это небывалое явление – рекордная жара на протяжении почти 15 лет – порождает массу вопросов. Основной из них, которым задается человечество, какие причины этой жары и что они повлекут в будущем?

Большинство ученых характеризуют это явление как глобальное потепление, которое изменяет климат, а причину этого климатического феномена вроде творит сам человек, заполняя атмосферу гигантским количеством углекислого газа. Ученые даже посчитали, что за всю историю нам отведено выбросить 3000 млрд тонн, около 2000 млрд мы уже «истратили», осталось 1000 млрд. И уточняют, что при нынешних выбросах 50 млрд тонн в год землянам осталось всего 20 лет на то, чтобы остановить потепление.



В итоге большинство ученых, изучающих климат Земли, сегодня не сомневаются в том, что глобальное потепление существует и что оно радикально изменит облик планеты, если рост температур не удастся сдержать на отметке в 1,5 градуса Цельсия.

Для предотвращения подобного сценария все страны мира подписали в декабре 2015 года первое всеобщее и обязательное Парижское соглашение по борьбе с глобальным потеплением. В его рамках все государства добровольно взяли на себя обязательства значительно сократить выбросы парниковых газов в последующие несколько десятилетий и удерживать их на этой отметке впоследствии.



Ученые говорят, что если нынешнее поколение не сократит выбросы углекислого газа в атмосферу, то его ждут экстремальные погодные явления – наводнения, засухи и высокая температура воздуха. Но более серьезные последствия изменения климата, например, увеличение уровня Мирового океана, повсеместное таяние льдов и долгосрочный вред экосистемам – тоже не за горами.

Однако эта научная концепция о глобальном потеплении и практика Парижского соглашения, построенные на выбросах углекислого газа, вызывали сомнения даже у самих ученых. Еще до выхода США из соглашения некоторые климатологи скептично оценивали шансы на то, что условия Парижского соглашения будут выполнены. Причины назывались разные. В самом деле, концепция о глобальном потеплении не выдерживает никакой критики.

Главными «двигателями» потепления – основными источниками углекислого газа – были определены производство и использование энергии, сельское хозяйство, промышленность и т.д. Сжигание ископаемого топлива – основной источник углекислого газа (86%). Уголь – наиболее углеродоемкое топливо, за ним следуют нефть и природный газ.

Ученые «прицепились» к углю, который активно используется более 250 лет, но почему-то не говорят о ежегодных лесных пожарах по всему миру, которые видны даже из космоса? Что, от пожаров меньше выделяется углекислого газа?! Или они прекратятся, если уменьшить потребление угля? В целом Парижское соглашение дало слабо аргументированные причины, представления, «философию» глобального изменения климата и будущего развития человечества.

Человечеству навязана концепция о том, что выбросы парниковых газов по вышеуказанным причинам являются причиной нынешнего потепления. О цели такой постановки проблемы можно лишь догадываться, но она явно – не экологическая, не научная, а скорее – экономическая, политическая, чтобы замедлить индустриальное развитие третьих стран, сделать так, чтобы они продолжали оставаться сырьевым придатком развитых стран.

Ведь официально не учитываются парниковые выбросы, связанные с вулканами, войнами, ядерными испытаниями, авариями атомных электростанций, лесными пожарами и т.д. Ни в одном из документов климатических саммитов, в официальных документах правительств по изменению климата не упоминаются войны, в том числе две мировые, ядерные бомбардировки, ядерные полигоны и т.д. как источники парниковых выбросов и, возможно, как основная причина глобального изменения климата.

Достаточно сказать, что на климатических саммитах главы стран не четко обозначают глобальные проблемы и причины изменения климата, не говоря о признании войн, военных учений, полигонов, производства вооружений и т.д. одними из главных причин изменения климата.

В итоге глобальные изменения климата продолжаются, несмотря на резолюции и решения климатических саммитов. Например, Евросоюз в 2012 году заявлял о своем перевыполнении плана по сокращению вредных выбросов, тем не менее, в последние годы европейские страны страдают от небывалых морозов, наводнений, жары, засухи и т.д. Если была бы прямая зависимость природных катаклизмов от выбросов парниковых газов, то они случались бы в основном в тех странах, где их больше выбрасывается, или равномерно по всей Земле, что не наблюдается.

И президент РФ Владимир Путин тоже заявлял о перевыполнении плана Киотского протокола: с 1991 по 2012 год Россия значительно уменьшила выбросы парниковых газов, что позволило затормозить глобальное потепление почти на год. Как он это вычислил? Почему тогда в России были небывалые пожары в 2010 году или наводнения в 2012 году в Крымске, где по официальным данным погиб 171 человек, по неофициальным данным – свыше 1000, в 2013 году – на Дальнем Востоке и др.?

И это заявлял глава государства, которое проводит крупномасштабные военные учения, многочисленные испытания вооружений, запускает баллистические ракеты, использует ядовитый гептил при запуске «Протонов» и т.д., не говоря о войнах, которые вело и ведет. Видимо, считают, что это улучшает климат Земли и жизнь человечества.

Иными словами, все эти климатические саммиты лишь вводят население в заблуждение – будто главы стран озабочены проблемами климата. Хотя в правительствах, международных организациях, крупных банках и т.д. имеются министерства, отделы, «мозговые центры», которые занимаются научными прогнозами.

К тому же изменение климата вызвало увеличение выпадения осадков, а дожди, снег, как известно, очищают воздух, в том числе и от углекислого газа.

По данным научных исследований, Мировой океан поглощает около четверти всех выбросов углекислого газа, производимого человеком. Теперь ученые обнаружили, что дожди на самом деле не просто ускоряют поглощение углекислого газа океаном, но также позволяют эффективнее хранить углерод. Результаты работы указывают на то, что осадки увеличивают поглощение СО2 на 140–190 миллионов метрических тонн, или 5-7% в год.

**Дастан ЕЛДЕС**

*(продолжение в следующем номере)*

**В статье в Check-point.kz повествуется о том, что интервью Касым-Жомарта Токаева в самом начале года стало доброй традицией. Оно освещает некоторые программные моменты, которые коротко и ясно были выражены в названии материала («Цель – укрепить экономику и суверенитет»), а также демонстрирует личностное отношение главы государства к тем или иным событиям.**
**Так, на этот раз, кроме прочего, казахстанцы узнали отношение президента к переходу на единый часовой пояс, его общении со своим предшественником, о позиции по талгарской трагедии и так далее. Но есть и другой аспект, который пока не был затронут отечественными политологами — речь о том, что вытекает из казахской пословицы «Қызым, саған айтып отырмын, келін, сен тында», которая в дословном переводе звучит как «Дочка, тебе говорю, а ты, невестка, слушай». То есть, мы о том, что должны подчерпнуть для себя зарубежные наблюдатели.**



# МЕССЕДЖИ – 2025. ВАЖНЫЕ МЫСЛИ ИЗ ИНТЕРВЬЮ ТОКАЕВА

### КАЗАХСТАН В ГЕОПОЛИТИКЕ

Вообще, наверное, следует излагать месседжи президента Казахстана в том порядке, как они высказаны в интервью. Это имеет свою логику и последовательность. Так, одной из первых мыслей, выраженных Касым-Жомартом Кемелевичем по поводу итогов ушедшего года, это то, что «в условиях беспрецедентной геополитической напряженности Казахстан укрепил свои позиции на международной арене как государство, играющее полезную роль в налаживании диалога во имя мира», что благоприятно повлияло на обеспечение безопасности и экономическое развитие страны. Тут, как говорится, априори — и мы много раз об этом говорили, в том числе подчеркивая, что любой кризис может и должен стать поводом для новых возможностей.

Далее, в ответ на ремарку журналиста газеты «Ана тілі» о том, что президент — профессиональный дипломат и тяготеет к международной деятельности, Токаев фактически подтвердил важность выстраивания четкой и мудрой внешнеполитической стратегии Казахстана, упомянув о том, что нашу страну уже называют средней державой, и этот статус «ко многому обязывает, прежде всего к ответственному поведению на международной арене, конструктивному подходу к острейшим проблемам современности». Тут он лишний (хотя лишним это никогда не бывает) раз подчеркнул, что «Казахстан выступает последовательным сторонником ООН как «общего дома всего человечества», безальтернативной и универсальной организации». Но, по большому счету, любая деятельность Казахстана и лично Токаева в геополитике исходит только из национальных интересов нашей страны.

### О НАЗАРБАЕВЕ И «ДВОЕВЛАСТИИ»

Другая тема интервью, казалось бы, ориентирована чисто на казахстанского читателя, однако и здесь прослеживаются вполне конкретные мысли, которые важны для понимания нынешней политики Акорды по отношению к первому президенту. Так, упоминая о сложившемся «двоевластии», Токаев отметил, на это «с удивлением смотрели даже зарубежные руководители и дипломаты». При этом он напомнил, что «рубежными событиями, предопределившими реальный кризис власти», стали как раз-таки мероприятия с международным статусом. Это «заявление Нурсултана Назарбаева на заседании Astana Club в ноябре 2021 года о возможности возвращения в Акорду со ссылкой на 92-летнего Махатхира Мохамада, а также участие экс-президента в саммите СНГ в Санкт-Петербурге в декабре того же года».

В этом контексте весьма показательный момент, когда Касым-Жомарт Кемелевич прокомментировал недавнюю встречу Назарбаева с президентом РФ Владимиром Путиным. Он, с одной стороны, подтвердил ту мысль, что они «встречаются как давние друзья и коллеги, им есть что вспомнить», причем подчеркнул, что «инициатором таких встреч выступает Нурсултан Абишевич, для него они крайне важны». А с другой — действующий президент напомнил, что Назарбаев «морально и политически тесно связан с Кремлем». Мы добавили бы — и исторически связан.

### ИНВЕСТОРЫ И ИНВЕСТИЦИИ

Вообще, внимательный читатель заметил, что многое, сказанное главой государства, так или иначе связано с зарубежными отношениями Астаны, в том числе, когда речь идет об экономическом развитии страны, внутренних реформах и даже о правах человека, включая исполнение концепции «Закон и Порядок». Ведь не секрет, что для того же Запада имидж страны строится и на ее внутренней политике, национальной правовой системе и правовых же гарантиях. Это тоже априори, так как никто не станет вкладывать свои капиталы в государство, чья политика и способы ведения экономики могут вызывать сомнения.

Впрочем, потенциальным инвестициям в интервью был посвящен отдельный вопрос-ответ. Мы не будем повторять все сказанное Токаевым, а приведем лишь одну показательную цитату, говорящую сама за себя: «Отрадно, что зарубежный бизнес открывает в Казахстане свои представительства. Это способствует интернационализации казахстанского рынка, усилению здоровой конкуренции, диверсификации нашей экономики. Инвестиционный штаб при Правительстве оправдывает свое предназначение, принимает решения, действуя по принципу «одного окна».



### МОСКВА – АСТАНА – ПЕКИН

Более точечно Касым-Жомарт Кемелевич высказался по взаимоотношениям с лидерами России и Китая. Вроде бы, эти цитаты были обращены к политикам и жителям этих стран, но одновременно это был четкий месседж и остальному миру.

По взаимоотношениям с Москвой и, в частности, с главой Кремля, Токаев четко заявил, что «президент Путин – опытный государственный деятель, хорошо понимает специфику Казахстана и большое значение нашей страны как крупнейшей экономики Центрально-Азиатского региона». «По-другому быть не может, ведь наши страны объединяет самая протяженная в мире непрерывная сухопутная граница. Показательно, что наибольшее количество поездок Владимир Путин совершил именно в нашу страну – 33 визита», — подчеркнул он и при этом добавил важную мысль: «Все это нужно как Казахстану, так и России, так как служит задаче обеспечения стабильности в Евразии, где обе страны играют ключевую роль».

Был упомянут для многих болезненный вопрос по строительству АЭС, и президент Казахстана дал четко понять, что отстаивал и будет отстаивать интересы страны и ее граждан по этой теме. Его тезисы по поводу консорциума, между прочим, уже распространили многие мировые СМИ.

Что касается нашего восточного соседа, то тут также было сказано, что нынешний китайский лидер хорошо знает Казахстан и с уважением относится к его народу. А наиболее важным месседжем, на наш взгляд (уже больше к нашему обществу адресованный), является следующий: «Во время государственного визита в Казахстан председатель Си Цзиньпин подчеркнул, что Китай никогда не нанесет вреда нашей стране, всецело поддерживает ее суверенитет и независимость. Это крайне важное заявление». В общем, беспокоиться не о чем.



### ТРАМП, УКРАИНА, МИРОТВОРЧЕСТВО

А вот следующая тема действительно была направлена для «зарубежного пользователя», причем, самого широкого. Она касалась телефонного разговора с вновь избранным президентом США Дональдом Трампом, казахско-американских отношений и отношений Вашингтона с Пекином и Москвой. Тут Токаев, кроме прочего, напомнил, что ему еще в 1990-е довелось участвовать в налаживании казахско-американских отношений, а также впервые рассказал о том, что для многих было очевидно.

Как выяснилось, Трамп поинтересовался нашим видением прекращения военных действий в Украине. Президент Казахстана отметил уникальную ситуацию – «Россия в военном отношении непобедима, а Украина надеется с помощью западных союзников выстоять в войне, хотя бы не проиграть ее». Токаев сказал новому-старому хозяину Белого дома, что решение этой сложнейшей проблемы зависит от воли и желания глав конфликтующих стран и, конечно, самого Трампа как лидера мировой державы.

И тут еще одна важная мысль со стороны Касым-Жомарта Кемелевича: «Должен подчеркнуть, что мы нигде не напрашиваемся в посредники, на международной арене ведем себя сообразно потенциалу и возможностям Казахстана, но всегда готовы прийти на помощь в разрешении международных проблем». Он пояснил, что напряженность на международной арене сказывается на торговых и политических отношениях Казахстана с определенными странами, поэтому мы стремимся минимизировать негативное влияние внешних тенденций. «Казахстан нацелен на выстраивание прагматичных и взаимовыгодных связей со всеми заинтересованными государствами», — заключил глава государства.

Пусть это сказано чисто дипломатическим языком, но он, думается, понятен для всех. Мы со своей стороны не раз говорили (еще с момента визита федерального канцлера Германии Олафа Шольца в Казахстан) о том, что Астана готова стать посредником в переговорах между Киевом и Москвой.

### ТЮРКСОЙ И СРЕДНЯЯ ДЕРЖАВА

Пусть немного обыденно, а точнее, привычно, но все же довольно четко и конкретно высказался Касым-Жомарт Токаев и об участии Казахстана в Организации тюркских государств. В этом плане, как нам кажется, было своеобразное напоминание всем сторонам — и самим казахстанцам, и нашим партнерам по ОТГ, а заодно тем, кто видит в этом некую опасность и пытается по привычке диктовать нам, с кем дружить, а кого во враги записывать.

Для всех них мы выделили лишь одну цитату: «Наша страна будет и далее содействовать углублению связей между всеми тюркскими народами, продвижению нашего общего богатого историко-культурного наследия».

В ходе интервью казахстанский лидер уже высказывался о статусе средней державы, но этой теме был посвящен и отдельный вопрос. Отвечая на него Касым-Жомарт Кемелевич, кроме прочего, напомнил тезис, с которым так или иначе выступал на различных международных площадках: «Нарастает нестабильность, множатся взаимные обвинения крупных держав. Совет Безопасности ООН, по существу, парализован. Такая нездоровая международная ситуация закономерно беспокоит многие государства, включая Казахстан, поскольку не способствует их успешному социально-экономическому развитию... Убежден, настало то время, когда именно средние державы общими усилиями могут построить новые прочные мосты между конфликтующими геополитическими полюсами и тем самым снизить уровень международной конфронтации».

Тут, наверное, тоже не надо что-то пояснять, тем более, эту тему мы также поднимали на своих страницах. А резюмируя все вышесказанное, отметим — все-таки, объективно говоря, международный имидж Республики Казахстан в 2024 году значительно возрос. Количество упоминаний о нашей стране во Всемирной сети значительно увеличилось, причем, в подавляющем большинстве — в положительном ключе. И мы практически уверены, что эта тенденция продолжится и в 2025-м. Вот увидите...

**Мурат ХАЛИЛОВ**

# ТРИ ЧАСТИ БОЛЬШОЙ ГЕОПОЛИТИКИ

**Асад сбежал, Иран ослаблен, Америка уйдёт – способны ли Израиль и Садовская Аравия возобновить сближение на этом фоне? Падение Дамаска и крах режима Башара Асада являются, несомненно, поворотным моментом для всего Ближнего Востока.**



## ВОЗМОЖНО ЛИ СБЛИЖЕНИЕ ИЗРАИЛЯ И САДОВСКОЙ АРАВИИ?

События эти положили конец войне, которая по самым скромным подсчетам унесла нескольких сот тысяч жизней и стала причиной одного из крупнейших в современной истории кризисов, связанных с перемещениями огромных масс беженцев. Сирийская война оставила за собой разрушенные города, разоренные деревни и стертую в пыль экономику.

Турция, выступавшая на стороне противников Асада, сильно укрепила свои позиции в регионе. Приветствовал последние события и Израиль, рассматривая их как результат своих ударов по союзникам Асада - в первую очередь по проиранской группировке «Хезболла», активно помогавшей режиму боевиками.

Иран и Россия лишились одного из главных плацдармов, с помощью которого они удерживали влияние во всем регионе. Аналитики подчеркивают: падение Асада разрушило ключевое звено того, что аятолла Али Хаменеи именовал иранской «осью сопротивления». Сильнейший удар нанесен по внешнеполитической доктрине клерикальных властей Тегерана военно-политического и идеологического доминирования не только на Ближнем Востоке, но и во всем исламском мире.

Ослабление Ирана и группировок «Хезболла» и ХАМАС даёт надежду на возобновление дипломатического и политического сближения Израиля с ведущими странами арабского Востока, что нужно и еврейскому государству, и монархиям Персидского залива, и, тем более, США.

Напомню, что мирный процесс Израиля и арабского мира был инициирован с подачи Америки ещё во время первой каденции президента Трампа в рамках Соглашений Авраама (The Abraham Accords).

История Соглашений Авраама развивалась по восходящей траектории и была полна позитивных ожиданий, что Ближний Восток, наконец-то, вступает в фазу компромиссных решений, способных стать прочным фундаментом арабо-израильского мирного сосуществования и взаимовыгодной кооперации.

Первоначальное заявление о нормализации, сделанное при посредничестве США 13 августа 2020 г., касалось договора между Израилем и ОАЭ. Но уже 11 сентября 2020 г. было объявлено ещё об одном соглашении - между Израилем и Бахрейном. 15 сентября 2020 г. в Белом доме США была проведена официальная церемония подписания Соглашений Авраама. В рамках двусторонних договоров и ОАЭ, и Бахрейн признали суверенитет Израиля, что позволило установить полноценные дипломатические отношения.

В декабре 2020 г. к Соглашениям Авраама присоединилось Марокко, в январе 2021 г. - Судан, ставший шестым арабским государством, нормализовавшим отношения с Израилем (включая Египет и Иорданию).

Подписание всеобъемлющего мирного договора между Израилем и Саудовской Аравией, которому сменившая Трампа администрация Байдена уделяла пристальное внимание и всячески ему способствовала, должно было состояться не позднее февраля 2024. В рамках договора США брали на себя обязательства оснастить армию Эр-Рияда самыми современными вооружениями и осуществить передачу королевству некоторых новейших технологий двойного назначения. Об этом сообщил наследный принц СА Мухаммед ибн Салман Аль Сауд в сентябрьском интервью 2023 г. американскому телеканалу Fox News.

Но случилось 7 октября 2023 со всеми вытекающими последствиями. Ближний Восток вновь захлебнулся кровью и болью. Не сложно догадаться, что террористическая атака ХАМАС, в очередной раз запустившая карусель всепоглощающей ненависти с обеих сторон, была на руку Ирану, а также его ситуативным союзникам. Свержение Асада и упомянутое ослабление Ирана меняют расклады.

Разумеется, сегодня западные и арабские страны испытывают определенные опасения, что повстанческая коалиция может попытаться заменить режим Асада правительством, неспособным предотвратить возрождение радикальных сил.

«Внутри региона и за его пределами существуют большие опасения перед вакуумом власти, который может вызвать внезапный крах Асада», – сказал Абдельазиз аль-Сагер, директор Исследовательского центра Персидского залива в интервью Reuters.

«Каждая из этих повстанческих групп борется за господство; каждая хочет быть главной. Каждый из них считает, что может стать Башаром Асадом, и каждый из них хранит верность иностранной силе, финансирующей его группировку, – говорит аль-Сагер. – Они будут конфликтовать, если ООН и некоторые региональные страны, обладающие влиянием, не попытаются их объединить».

Таким образом, для Израиля, Саудовской Аравии и ряда других арабских государств формируется платформа для совместных действий в Сирии, что, в свою очередь, имеет потенциал для формирования нового регионального военно-политического альянса, т.н. Ближневосточного НАТО, создание которого является давней целью Вашингтона.

Сокращение присутствия США среди бесконечных песков Ближнего Востока неизбежно. Америка закономерно перегруппировывается. С 2020 г. США осуществляют поэтапную переброску зенитно-ракетных комплексов, авиации, живой силы с Ближнего Востока в Азиатско-Тихоокеанский регион. Экономическое, геополитическое, военное противодействие коммунистическому Китаю - глобальная задача текущего столетия, сродни эпохальному противостоянию в XX в. с СССР.

Вместе с тем для Вашингтона крайне важно не повторить «Афганский исход». Сворачивая присутствие в регионе необходимо оставить после себя эффективный военно-политический блок, способный противодействовать общему «заклятому другу» - Ирану. Коллаборация Тель-Авива и Эр-Рияда на данном направлении могла бы стать краеугольным камнем в возможной конструкции такого оборонного объединения.

Министр иностранных дел Саудовской Аравии ещё в прошлом году упоминал про усилия королевства по подписанию мирного соглашения с Израилем. «На данный момент мы ждем прекращения огня, после чего мирный процесс должен быть возобновлен, - сказал он репортеру британского телеканала Sky News, - Это должно быть возможно, если мы не готовы преодолевать препятствия и творить историю - шанса на мир никогда не будет, арабы показали, что они серьезны и готовы, мы надеемся, что это произойдет в ближайшее время».

Что ж, пусть так и будет. Не только Ближний Восток, но и весь мир от этого только выиграют.



## МАРЛЕЗОНСКИЙ БАЛЕТ БОЛЬШИХ ДЕРЖАВ

Первая часть.

В 1973 Америка подписала «Парижское мирное соглашение» - и тем самым завершила своё участие во Вьетнамской войне. 30 апреля 1975 лишенный поддержки США Южный Вьетнам пал под ударами сил Народной армии Вьетнама и Национального фронта освобождения Южного Вьетнама, боевые формирования Вьетконга вошли в Сайгон.

В 1989 Советский Союз вывел войска из Афганистана. В апреле 1992, лишенный поддержки СССР просоветский режим президента Республики Афганистан и Генерального секретаря ЦК партии НДПА Мохаммада Наджибуллы был свергнут отрядами афганских моджахедов.

Исторический зачет по геополитическим поражениям Вашингтон vs. Москва: 1-1.

Вторая часть.

В августе 2021 США в сжатые сроки вывели войска из Афганистана. Госсекретарь США Энтони Блинкен заявил, что решение было принято для того, чтобы сосредоточить ресурсы на Китае и пандемии COVID-19.

Оставшееся без военной поддержки США демократическое правительство Исламской Республики Афганистан прекратило своё существование. «Талибан» установил контроль над столицей Афганистана городом Кабулом 15 августа 2021 в результате наступательной операции против правительственных сил. Взятие города под контроль «Талибана» произошла через несколько часов после того, как президент Ашраф Гани покинул Президентский дворец и бежал из страны.

Декабрь 2024. 8 декабря, после того как повстанцы сирийской оппозиции без сопротивления вошли в Дамаск, группировка «Хайят Тахрир аш-Шам» и ее союзники объявили, что «тиран Башар Асад бежал». Российские государственные информагентства сообщили, что президент Сирии Башар Асад и члены его семьи прибыли в Москву и Россия предоставила им убежище.

Асад был самым верным союзником России на Ближнем Востоке. Кремль вложил в него огромные средства. Он вкладывал ресурсы - финансовые, военные, политические - в поддержание его у власти. Именно российская военная мощь помогала Башару Асаду удерживать власть на протяжении последних 9 лет. Но за считанные дни кремлевский проект в Сирии рассыпался, и Москва, глубоко увязшая в Украине, похоже, ничего не может с этим поделать. Российским властям будет непросто представить его свержение иначе, чем крупную потерю для Москвы.

Исторический зачет по геополитическим поражениям Вашингтон vs. Москва: 2-2.

## НУЖНА ЛИ ВСТРЕЧА ТРАМПА И ПУТИНА?

Конечно, любопытно: с чего вдруг возникла идея, что для урегулирования конфликта в Украине Трамп непременно должен тет-а-тет встретиться с Путиным.

Давайте вспомним, что Эйзенхауэр поставил точку в Корейской войне без встречи с Ким Ир Сеном и Мао Дзедуном. Примечательно, что представитель Южной Кореи генерал Чхве Док Син отказался подписать документ о прекращении огня, поскольку правительство Южной Кореи, считавшее свою страну жертвой северокорейской агрессии, ратовало за продолжение войны. От имени сил ООН подпись под договором поставил командир американского контингента генерал М. Кларк.

Кеннеди поставил точку в ядерном Карибском кризисе без личной встречи с Хрущевым, используя каналы официальной дипломатии и частные контакты неофициальных посредников.

Точку в войне во Вьетнаме ставил не президент Никсон, а госсекретарь Генри Киссинджер в Париже, через подписание «Парижских соглашений», основным последствием которых стал выход из войны США и вывод из Вьетнама 29 апреля 1973 г. американских военных.

У Вашингтона и Москвы существуют давно налаженные прямые коммуникации на самых разных уровнях. Так что вовсе не обязательно президентам двух стран встречаться лично. Тем более что это не война США и России, это война России против Украины. Москва и Киев должны вести переговоры друг с другом. Вашингтон лишь должен помочь Украине с адекватными условиями для таких переговоров.

Встречи президентов США и РФ уместны при желании сторон зафиксировать поистине эпохальные сдвиги во взаимных отношениях. Как это было при визите Хрущева в США для переговоров с Эйзенхауэром, или поездках президента Никсона в Москву и президента Форда во Владивосток для встречи с Брежневым, или при саммите Рейгана и Горбачёва в Женеве и после, да и при многих других встречах последующих лидеров двух ядерных держав, которые касались в первую очередь ядерной безопасности не только обеих сторон, но и всей планеты.

**Тимур СЕЙТМУРАТОВ**

# ПОЛНОЕ ПОГРУЖЕНИЕ

**Детский сад № 42 в Талдыкоргане успешно внедрил передовой международный метод языкового погружения, с 2019 г. став экспериментальной площадкой по изучению государственного языка с самых ранних лет. Об этом эксперименте рассказывается в материале «Казахстанской правды».**

Каждый день в детском саду № 42 начинается с утреннего круга. Встав рядышком, воспитанники выполняют простые задания: им надо поприветствовать друг друга, посчитать девочек и мальчиков, рассказать о погоде, перечислить дни недели. Но главное условие при этом – давать полные ответы на государственном языке. Также на занятии ребята играют с кубиками, составляя слова, заданные картинкой. «Арыстан», «аю», «қасқыр» – наперебой выкрикивают дети, собирая по буквам произносимое.




Все это – элементы методики языкового погружения. Впервые такая программа стала использоваться в 1965 г. в канадском Монреале. Ее разработали, чтобы помочь англоязычным ученикам, живущим во франкоговорящем Квебеке, быстро освоить официальный язык. Опыт оказался успешным. Его стали брать на вооружение во многих странах. В Эстонии методика получила особое развитие – в начале 2000-х здесь был создан Центр языкового погружения. Из Эстонии уже доработанная программа пришла в Казахстан.



В 2012 г. на базе Назарбаев Интеллектуальной школы в Талдыкоргане был открыт первый детский сад, где применялся метод раннего языкового погружения. Здесь специалисты из детского сада № 42 и увидели, как дети разных национальностей в игровой форме день за днем учатся понимать государственный язык, начинают говорить на нем, постоянно пополняя словарный запас и активно используя новые знания на практике.

На базе НИШ, рассказала заведующая д/с № 42, педагог с 30-летним стажем Сандугаш Сейлгазинова, коллектив дошкольного учреждения прошел первые семинары и тренинги по данной теме. А в 2019 г. эстонские специалисты пригласили талдыкорганских педагогов в Таллин. В апреле того же года три сотрудника детсада № 42 в течение недели на базе образовательного центра Фонда Innove изучали языковое погружение, побывали в эстонских дошкольных организациях, переняв эффективные методики освоения языка с самых ранних лет.

– Это один из наиболее действенных методов обучения детей целевому языку. Педагоги языкового обучения говорят только на целевом языке в течение всего или половины дня, – делится подробностями Сандугаш Сейлгазинова. – Общаясь с педагогом и сверстниками, дети учатся использовать необходимый запас слов просто и естественно. Соблюдается плавный переход с привычного языка ребенка на целевой посредством ежедневного общения. Такие приемы помогают ребенку в облегченной форме запомнить услышанное, повторить и усвоить смысловую сторону слова, способствуют функциональному овладению казахским языком.

В детском саду № 42 12 групп, 5 из которых – с русским языком обучения. Однако вне зависимости от этнической принадлежности ребята делают большие успехи в изучении казахского языка. Очень интересно наблюдать, как маленькие дети разных национальностей умело составляют фразы, говоря практически без акцента. Такие плоды приносит всесторонняя ежедневная практика. Но главная цель – не просто научить детей понимать и говорить на государственном языке, а дать им такие знания, чтобы выпускники детского сада могли обучаться в казахскоязычных классах.

– Вернувшись из Эстонии, мы открыли экспериментальную группу «Қазақша сөйлеп үренейік» на базе группы с русским языком обучения «Улыбка». И за эти годы ее воспитанники показали высокий результат. Они участвовали в различных городских, областных и республиканских языковых конкурсах. Занимали призовые места на Абаевских, Макатаевских чтениях, литературных состязаниях, посвященных 150-летию Ахмета Байтурсынулы, – рассказывает преподаватель казахского языка Гульмира Тунгатарова. – Главным своим достижением считаем то, что один из первых выпускников группы «Улыбка» Абдуррахим Пан пошел в класс с казахским языком обучения и учится там на отлично. И это не единственный пример. В Талдыкоргане изначально языковое погружение было экспериментально внедрено на базе нашей организации и детского сада № 45. Куратор из Центра образовательных программ НИШ Каламкас Байтенова проводила у нас семинары и тренинги.

– Это не просто уроки, когда дети только на занятии говорят на казахском языке, – поясняет педагог с 26-летним стажем Гульмира Сайлаухановна. – Они используют его в течение всего дня. Начиная с малого поэтапно доводим до ребенка жестами, мимикой, рисунками слова и их значение. Например, важно ежедневно проводить утренние и вечерние круги. Постоянно повторяя, используя все новые слова, дети с каждым днем могут все больше изъясняться на казахском. Т.е. в подготовительной группе они уже рассказывают о себе, семье, погоде, самочувствии, при этом строя полное предложение. Дети начинают мыслить на государственном языке. И самое главное – постоянно обогащают словарный запас.

### ВОЗМОЖНОСТИ ДЛЯ ВСЕХ

В 2023 г. эксперимент, доказавший свою эффективность, официально завершили. Однако работу коллектив детского сада будет продолжать. И уже самостоятельно, делясь теорией языкового погружения и своим, лично наработанным багажом практики.

– Сейчас многие дошкольные учреждения также хотят использовать этот опыт в изучении государственного языка. Поэтому мы собираемся издать методическое пособие, будем проводить семинары. К нам уже приезжали педагоги из разных уголков области и республики, – делится планами заведующая Сандугаш Сейлгазинова. – На базе нашего детского сада также проходил крупный семинар по обобщению опыта языкового погружения в рамках всей страны. Все 30 наших педагогов имеют сертификаты языкового погружения.

В программе особое внимание уделяется изучению народных традиций, национальных игр, исконной культуры страны. И не зря методика называется «погружением», ведь в процесс полностью включаются не только воспитанники детсада, но и все, кто их окружает.

– Самая главная особенность, изюминка этого проекта – то, что он дает возможность и родителям активно изучать казахский язык, – считает Гульмира Тунгатарова. – Давая задания детям, мы в этой работе активно задействуем пап и мам. Так, к Дню языков мы проводили неделю государственного языка «Біз қазақша сөйлейміз», устроив два открытых занятия – интеллектуальные игры с родителями и тематические встречи. В течение года идет акция «Біз қазақша сөйлеп үйренеміз».

Активная и всесторонняя работа, уверены педагоги, может значительно повысить уровень знания государственного языка. Главное, чтобы и общество обратило внимание на эти возможности.

**Дина БОРАНБАЕВА**



# ISSAI NAZARBAYEV UNIVERSITY ПРЕДСТАВИЛ KAZ-LLM – КАЗАХСКУЮ БОЛЬШУЮ ЯЗЫКОВУЮ МОДЕЛЬ

**Как пишет издание Orda.kz, исследователи Института интеллектуальных систем и искусственного интеллекта (ISSAI) Nazarbayev University (NU) представили главе государства Касым-Жомарту Токаеву большую языковую модель казахского языка ISSAI KAZ-LLM, разработанную на основе нейронной сети. Это основа казахского чата GPT.**

Применение KAZ-LLM повсеместно – от переводов казахского языка и генерации контента до обработки объемных текстов.

Адаптированный к уникальному многоязычному и мультикультурному контексту страны, ISSAI KAZ-LLM разработана для казахского, русского и английского языков с дополнительной поддержкой турецкого, что позволяет устранить языковые пробелы и продвинуть генеративный искусственный интеллект для языков с ограниченными ресурсами, к которым и относится казахский язык.

Команда ISSAI собрала, обработала, синтезировала и перевела более 150 миллиардов токенов (т.е. слова или подслова), что обеспечило надежную языковую работу. Уровень обучения ISSAI KAZ-LLM очень высок и конкурирует в результатах на казахском, русском и английском языках на уровне мировых лидеров в области искусственного интеллекта.

Помимо этого, ISSAI KAZ-LLM предоставил практический опыт местным IT-талантам, укрепив возможности национального искусственного интеллекта (ИИ). Проект способствовал не только созданию передового инструмента ИИ, но и росту числа казахстанских специалистов в области ИИ.

Исследователи участвовали во всех этапах процесса, от подготовки данных до внедрения моделей, создавая основу для устойчивых инноваций в области ИИ. Сотрудничество с ведущими казахстанскими институтами позволило создать инструменты сравнительного анализа и наборы данных, адаптированные для казахского языка с помощью лингвистов и передовых методов машинного перевода.

Проект был начат в апреле 2024 г. и тренировка модели заняла у разработчиков около 5 месяцев. Тренировочные данные были собраны только из общедоступных источников, включая казахские веб-сайты, новостные статьи и онлайн-библиотеки. Были также использованы данные, предоставленные различными организациями.

«Эта модель отражает стремление Казахстана к инновациям, самостоятельности и росту своей технологической экосистемы. Наша команда подготовила две версии ISSAI KAZ-LLM с 8 миллиардами и 70 миллиардами параметров, построенные на архитектуре Meta Llama и оптимизированные для высокопроизводительных систем и сред с ограниченными ресурсами. Модели, выпущены по лицензии CC-BY-NC, которые доступны для некоммерческого использования на сайте Hugging Face, способствуя глобальному академическому и исследовательскому сотрудничеству. Таким образом, разработчики смогут скачать и запустить нашу модель как на сложных серверах, так и на ноутбуках», рассказал директор ISSAI, профессор NU Хусейн Атакан Варол.

ISSAI рассматривает разработку систем ИИ следующего поколения, включая модели языкового видения, и расширить эти модели для поддержки дополнительных тюркских и региональных языков. Эти усилия могут быть направлены на укрепление региональных связей, содействие языковой интеграции и содействие значительному экономическому и технологическому влиянию в Казахстане и за его пределами.

Проект ISSAI KAZ-LLM стал возможен благодаря поддержке Фонда развития NU и NIS, а также Astana Hub и QazCode (Beeline), а разработка велась независимо от государственного финансирования.

**Мария КРАВЦОВА**

# АЛТЫ АЛАШТЫҢ АЛЫП БӘЙТЕРЕГІ ҚҰЛАДЫ

**Сексен бес жасқа қараған шағында Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілі Мұхтар Мағауин өмірден озды.**

## Президент жазушының туған-туыстарына көңіл айтты

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев аса көрнекті жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Мұхтар Мағауиннің дүниеден өтуіне байланысты оның отбасы мен жақын-жуықтарына көңіл айту жеделхатын жолдады.

– Мұхтар Мұқанұлы ғибратты ғұмырын киелі сөз өнеріне арнаған, ұлттық әдебиетіміз бен тарихымыздың көкжиегін кеңейтуге елеулі үлес қосқан заңғар тұлға еді. Төл руханиятымыздың төрге озуына, ұлт тарихнамасының тасқа басылуына өзінің алға қойған асыл мұратымен, қайтпас қажыр-қайратымен қалтқысыз еңбек сіңірді. Халық жазушысының қуатты қаламынан туған шығармалары, тарихи еңбектері, естелік-эсселері қалың оқырманның жүрегінен өз орнын тапты.

Соңына бай әдеби мұра қалдырып, өнегелі өмір сүрген Мұхтар Мұқанұлының қайталанбас есімі халқымыздың жадында сақталады. Марқұмның иманы саламат, жаны жәннатта болсын, – делінген жеделхатта.

*24.kz*

## Бақұл бол, Қарасөздің қара нары!

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, классик жазушы, тарихшы-ғалым, Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Мұхтар Мұқанұлы Мағауиннің қазасы жазушы қауымды есеңгіретіп кетті. Келесі айда 85 жасқа толатын Қаламгердің мерейтойы төрткүл дүниеде тойланып жатар еді, амал нешік, рақымсыз ажал аялдатпады. Мағауин әдебиетке үлкен олжа салған аса талантты жазушы. «Көк мұнар», «Бір атаның балалары», «Көк кептер», «Аласапыран», «Шахан шері», «Мен», «Жармақ» қатарлы прозалық кітаптары мен «Қазақ тарихының әліппесі», «Қобыз сарыны» секілді тарихи-танымдық еңбектерді дүниеге әкелді. Әдебиетке де, тарихқа да өлшеусіз үлес қосқан қалам иесінің мол мұрасы алтын қорымызда мәңгі сақталып, келешек ұрпаққа шарапатын тигізе беретініне сенімііміз мол. Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма Төрағасы Мереке Құлкенов Мағауиндер отбасына көңіл айту жеделхатын жолдады. Марқұмның жаны жаннатта, топырағы торқа болсын!

*Жазушылар одағының Баспасөз орталығы*



## Қош, ағатайым!

Елім дегенде Едігедей еңіреп өткен ер қаламгер де осы Мұхтар Мағауин ағатайым!

Қырық жылдан бергі ағалы-інілі сыйластығымыз, Алматыға алғаш табаным тиген 17 жасымда «Жалын» журналында өлеңімді шығаруы, өзіме деген әкедей қамқорлығы, сонау Көкшетаудан Алматыға, әдеби ортаға ізгі ниетпен арнайы шақырып алдыртуы, өтпелі қиын кезде анам қайтыс болғанда қайғыма ортақтасып, қасымнан табылуы менің Мұхтар ағатайымның адамгершілік болмысын, жан-жүрегі мейірімге толы кісілік келбетін айшықтайды. Қош, қош, қазақтың ұлы перзенті, Алаштың асыл абызы, ұлтымыздың ұлы жазушысы. «Мен!» дегені өзіне ғана жарасатын менің Мұхтар ағатайым! Рухы мәңгілікке көшкен Мұхтар Мағауиннің мәңгілік күйі миллиондардың кеуделерінде күмбірлей берсін!..

**МЕН!..**
**МҰХТАР МАҒАУИН**

*Мен!.. дегенде алыс жатыр қаншама.*
*Мен!.. дегенде жақын жатыр қаншама.*
*Мен-жүректің қияметін кешуге –*
*Жету – дозақ...*
*Қанша жақын болса да.*

*Мен!.. болмаса – болмайды Ердің қарымы,*
*Алауламас «Мен!»-сіз жүрек жалыны.*
*Мен!.. болмаса, естілмейді мың жылдық*
*Қазағымның қобызының сарыны.*

*Болар оғлан «Мен!»-мен ғана қаржасқан,*
*Мен! – құдірет қара нардай алға асқан.*
*Мен!.. болмаса, жасалмайды ғажайып,*
*«Мен!»-сіз, сірә, суырылмас алдаспан.*

*Қу дүниенің алданыш қып тезегін,*
*«Мен!»-і жоқтар шірітеді өзегін.*
*Мен!.. – тектілік,*
*Мен!.. – даналық,*
*Мен!.. – намыс,*
*Мен! – Мұхтарлар көгертеді өз елін.*

*Арқасына ауырларды теңдеген,*
*Құм Нарында шөлдегенде өлмеген,*
*Өлмегенді былай қойып...*
*Ерлеген...*
*Қайсарлықтың өзегінде Мен!.. деген.*

*«Мен!»-сіз, сірә, өркен жаймас Ел деген.*
*«Мен!»-сіз қаны қыза ма екен Ер деген?!*
*Менің МҰХТАР ағатайым,*
*Мәңгілік*
*Өзіңізге жарасады МЕН!.. деген.*

**Қорғанбек АМАНЖОЛ,**
**ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты**

## Өзі айтқандай, мәңгілік аруаққа айналды

Қазақ әдебиетінің классигі Мұхтар Мағауин дүниеден озды.

10 қаңтарда 85-ке қараған шағында жазушы, әдебиет тарихын зерттеуші ғалым, тарихи романдардың авторы Мұхтар Мағауин қайтыс болды. Жазушының дүниеден өткенін оның ұлы Едіге Мағауин Facebook-тегі парақшасында хабарлады.

«Арыстан әкем фәниден бақиға аттанып кетті, АҚШ-тың Мерилэнд штатындағы үйінде, бала-шағасының ортасында, 2025 жылғы қаңтардың 9-ы, жергілікті уақыт бойынша сағат 19:55-те (Қазақстан уақыты бойынша қаңтардың 10-ы, сағат таңғы 5:55)» деп жазды Едіге Мағауин.

Ол жазушының толық шығармалар жинағының 26-томынан үзінді де жазып қойған.

«Мына Мен – айбынды Ғұн, ержүрек Түрік, кемеңгер Шыңғыс хан, Асқақ Алтын Орда, оған жалғас нұр шұғылалы Алаш әулеті – бар ғұмыры жарыққа ұмтылған арпалыс үстінде өткен Мұхтар Мағауин – көзім жұмылған мезетте, бұрнағы Алапат Бабаларым сияқты, өлмес, өшпес, Мәңгілік Аруаққа айналам! Иә!».

Мұхтар Мағауин 1940 жылы 2 ақпанда Семей облысының Шұбартау ауданында дүниеге келген. 1962 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін, 1965 жылы аспирантурасын бітірген. Әр жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Жұлдыз» журналында, «Жазушы» баспасында қызмет істеген. Ғылым академиясына қарасты Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында, Мәскеуде Максим Горький атындағы Әдебиет институтында қазақ фольклоры мен қазақ әдебиеті тарихы бойынша лекция оқыған.

Жазушы XV-XVIII ғасырдағы ұмытылған ескілікті қазақ поэзиясын қайыра ашып, ресми әдебиет тарихына енгізген. «Аласапыран» тарихи роман-дилогиясы үшін Қазақ КСР-інің Абай атындағы мемлекеттік сыйлығы берілген.

Жазушының XV–XVIII ғасырдағы қазақ ақын, жыраулары туралы «Қобыз сарыны», «Көк мұнар» романы, «Шақан-Шері», «Гауhар» роман-дилогиясы, «Жармақ», «Шыңғыс ханның шарапаты» және өзге де шығармалары бар.

**Қазыбек ИСА,**
**ақын, Халықаралық С.Есенин атындағы сыйлық – «Алтын Күз» орденінің Қазақстандағы тұңғыш иегері, ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты**

## Жүрегімізге жерленеді

Мұхтар Мағауин халқының жүрегіне жерленетін жазушы. Мағауин – тек әдебиетшілер үшін ғана емес, мәдениеттанушы, ғалымдар мен тарихшылар үшін де мол мағлұмат, терең тақырып, шүйгін ой ұсынған, дәлелін дәлдеп, өзіндік тұжырыммен кестелеген олжасы мол ойшыл еді.

Мағауин – тек әдебиетшілер үшін ғана емес, мәдениеттанушы, ғалымдар мен тарихшылар үшін де мол мағлұмат, терең тақырып, шүйгін ой ұсынған, дәлелін дәлдеп, өзіндік тұжырыммен кестелеген олжасы мол ойшыл еді.

**Смағұл ЕЛУБАЙ,**
**Қазақстанның Халық жазушысы**

## Қайталанбас қаламгер, бірегей ғалым еді

Сонау совет кезінде ұстазы – Ахаңның бірегей шәкірті – Бейсенбай Кенжебаевтың қолдауымен: жыраулардың асыл сөзі қазақ әдебиетінің басы деген диссертация қорғап, Қазақ мемлекетінің тарихы – Хандық дәуір әдебиетінде айқындалған деп толғауларды жарыққа шығарған бірегей Ғалым өтті дүниеден.

Бұл тақырыптың совет кезінде келешегі болмағандықтан Мұхтар Мағауин жазушылыққа ауысты. Қолдан келгенше заман шындығын жазды: ұлттық рухты аяқ асты еткен кездің бет пердесін ашты. Совет кезінде Қазақ тарихының Әліппесін жазған бірегей ғалым Мұқтар Мағауин еді.

Хандық дәуір әдебиеті деген парадигманы да анықтап берген бірегей ғалым еді.

Алланың рақымы болсын қасиетті раджап айында. Иманы саламат болсын.

**Айгүл ІСІМАҚОВА,**
**профессор**

## Ұдайы ұлттық рух пен елдік мүддені жырлады

Көрнекті жазушы әрі зерделі зерттеуші ретінде төл әдебиетіміздің дамуына зор үлес қосқан Мұхтар Мағауиннің қаламынан туған әр шығармада ұлттық рух пен елдік мүдде айқын көрініс тапты. Мұханның басқа еңбегін айтпағанның өзінде хандық дәуірдегі ақын-жырауларымыздың мол мұрасын жаңғыртқан «Қобыз сарыны» атты ғылыми еңбегі сөз өнерінің тұғырын одан әрі биіктете түсті. Әйгілі «Аласапыран» романы әдебиетіміз бен тарихымыздың қымбат қазынасына айналды.

Біз ұлт руханиятына қисапсыз олжа салған марқұмның отбасы мен жақындарына орны толмас қазаға қабырғамыз қайысып көңіл айтамыз.

*«Қазақ үні» газетінің ұжымы*




Дайындаған: Қажымұқан ҒАБДОЛЛА

## ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

### ЖАУАБЫ ЖОҚ СҰРАҚТАР

– Мысықтарға арналған тышқанның дәмі бар тағам неге жоқ?
– Қыз-келіншектер қасы-көзін бояғанда неге ауыздарын ашып тұрады?
– Неге біз ақшамызды брокерге сеніп тапсырамыз? (broker – ағылшын тілінен аударғанда құртушы, тонаушы деген мағынаны білдіреді).
– Күнге қыздырына берсе неге тері қарайып, шаш ағарып кетеді?
– Көріпкелдер неге «Бингодан» ақша ұтпайды?

### ОТБАСЫНДАҒЫ ӘҢГІМЕ

– Мен понедельникте Жылтыргүлдің школдағы жиналысына барамын. Ал вторникте жұмыстан кейін өзімізде «чаепитье» болады.
– Мен де среда күні жолға шығамын. Четверг, пятница жұмыс бабымен облыста боламын.
– Командировкадан қашан келесің?
– Может, суббота келетін шығармын, баня жағып қойыңдар.
– Баняны өзің келгенде, воскресеньеде жақпаймыз ба?
– Хорошо!

***

Бірде шал мен кемпір жас күндерін еске түсіріп, саябақта қыдырып жүрсе керек. Айнала толы – жас қыздар мен жігіттер.
– Әй кемпір, осылардай кезімізде қайтушы едік, – деп кемпірін құшағына қысып алып, сүйе кетеді. Осы сәтте олардың қасына келген тәртіп сақшысы:
– Қоғамдық орында тәртіп сақтамағандарыңыз үшін айыппұл төлейсіздер. Ата, сізден – 500 теңге, сізден апа – 1500 теңге.
Бұған ашуланған шал:
– Бәрін бастаған – мен, сондықтан да айыппұлдың ең көбін мен төлеуім керек қой.
– Кешіріңіз, ақсақал, мен сізді бірінші рет көріп тұрмын, сол үшін де аз төлейсіз. Ал бұл кемпір осымен үшінші рет көзге түсіп отыр...

# Алаяқтар балаларды қалай алдайды?

**ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі алаяқтар балаларды олардың ата-аналарының қаржылық қаражатына қол жеткізу үшін қалай алдайтынын және алаяқтықтан қалай қорғануға болатынын ұсынды. Қаржы алаяқтары балалар арқылы олардың ата-аналарының ақшасына қол жеткізуге тырысады. Олар балалардың аңқаулығын пайдаланып, әртүрлі оқиғалар ойлап тауып, түрлі айлаларын іске асыруға талпынады.**

### АЛАЯҚТАР ҚАНДАЙ ОНЛАЙН-ҚАҚПАНДАР ҚҰРАДЫ?

**«Күтпеген жеңіс»**

Бала электрондық пошта, әлеуметтік желі, SMS немесе мессенджер арқылы ақшалай сыйлық немесе шетелге жолдама ұтқаны, оны ақшаға айырбастауға болатыны туралы хабарлама алады. Сондай-ақ шетелде тұратын бай туысының мұрагері болғандығы туралы да хат келуі мүмкін.

Бұл ретте ақшаны немесе жолдаманы алу үшін бала өз келісімін беріп, сілтеме бойынша өтіп, тіркелуі керек. Сауалнамада жеке деректерді, оның ішінде кез келген қолда бар төлем картасының нөмірін, оның қолданыс мерзімін және артқы жағындағы үш таңбалы кодты көрсету талап етіледі. Егер балалар қаскүнемдерге осы дербес және төлем деректерін берсе, алаяқтар ата-анасының ақшасына қол жеткізе алады.

**«Жақыныңа жасырын көмек»**

Балаңыздың танысының парақшасында қолдау көрсетуді және мүмкіндігінше банктік шотқа немесе электрондық әмиянға ақша жіберуді сұрайтын хабарлама жарияланады. Осы сынды тағы бір схема - балаңыздың сыныптасы оған мессенджер арқылы хабарласып, жақын адамының апатқа ұшырағанын немесе өзінің сырқаттанып қалғанын айтып немесе жай ғана қарызға ақша сұрауы мүмкін. Бірақ ол бұл туралы ешкімге айтпауды сұрайды. Егер сіздің балаңыз алаяқтардың өтінішін орындап, өз еркімен жасырын түрде ақша аударса, оны қайтару мүмкін емес. Сондықтан мұндай жайттар туралы оған алдын ала ескерткен абзал.

**«Ерекше қосымша»**

Алаяқтар балаңыздың гаджетіне жылдам баюға немесе кез келген адамның орналасқан жерін бақылауға мүмкіндік беретін қосымшаның жарнамасы бар сілтеме жіберуі мүмкін. Ең бастысы, бұл мобильдік қосымша біреге болып табылады және оны сілтеме арқылы тегін жүктеп алуға болады.

Бала күмәнді бағдарламалық жасақтаманы жүктесе, бұл жеке ақпаратты үшінші тұлғаларға бере алатын, балаңыздың жүрген жерін қадағалайтын және телефондағы басқа қосымшаларды басқара алатын шпиондық бағдарлама екенін бірден түсінбеуі де мүмкін.

### АТА-АНАЛАР БАЛАЛАРЫН АЛАЯҚТАРДАН ҚАЛАЙ ҚОРҒАЙ АЛАДЫ?

Балаңызға бейтаныс адамдарға өздері және жақындары туралы ақпаратты беруге болмайтынын айтыңыз. Алаяқтар заманауи технологиялардың көмегімен кез келген адамды алдай алатынын түсіндіріңіз.

Балаларыңыз қандай жағдай болмасын барлығын ашық айтуға болатыны және сіздің оған ұрыспайтыныңыз туралы білуі маңызды. Балаңызбен қарымқатынасыңыз өзара сенімге негізделуі керек.

Егер бала қандай да бір себептермен үйде жалғыз қалса, онда ол ата-анасының, басқа туыстарының, көршілерінің, 102 қызметінің, сондай-ақ учаскелік инспектордың жұмыс және ұялы телефондарын білуі қажет.

massaget.kz

2024 жылғы №52 санда шыққан сөзжұмбақтың жауабы



**Махамбет Өтемісұлы – қазақ халқының азаттығы, теңдігі, жолында ақ найзасымен, азаткер асқақ жырымен қасық қаны қалғанша күрескен. Ол тіпті, сол жолда құрбан болған әрі батыр, әрі ақын. Даңқты батырға арналған С.Қожықов атындағы №39 мамандандырылған лицейдің 10 «Ә» сынып оқушысы Алуа Басимованың жүрекжарды жырын оқырман назарына ұсынуды жөн көрдік. Жас талаптың шығармашылық жетекшісі – Алина Динабекова.**



# ҚАС БАТЫРЫ – ҚАЗАҚ ДЕГЕН ЖҰРТЫМНЫҢ

*Уа, Махамбет – ақтаңгері ұлтымның,*
*Жеті түнде жанартаудай сілкіндің.*
*Арыстандай айбатынан жау қашқан,*
*Қас батыры қазақ деген жұртымның.*

*Тілеуіңді алты Алашың тілеген,*
*Арлан едің апанында түнеген.*
*Тарихымда сендей ерлер аз болған,*
*Ханға қарсы үзеңгісін шіреген.*

*Қорғай алар сендей елдің кім арын,*
*Ұлын жоқтап жатыр содан құм Нарым?!.*
*Жұмыр қылыш күйін шерткен сары белдер,*
*Жасырғандай сол заманның сұмдарын.*

*Ғұмырыңды күресуге арнадың,*
*Жырыңмен де ел намысын қорғадың.*
*Алдаспанын қан мен кекке суарған,*
*Жүз ғасырда бір туатын тарланым.*

**Алуа Дәуренқызы БАСИМОВА**



## ЖАС ӘНШІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУДА ТОП ЖАРДЫ

**Қазақстандық жас әнші Ержан Максим Дубайда өткен халықаралық беделді SANREMO BEST SONG 2025 байқауының бас жүлдесін жеңіп алды.**
**Бұл қуанышымен Ержан Максим Instagram әлеуметтік желідегі парақшасында көпшілікпен бөлісті.**

– SANREMO BEST SONG 2025 DUBAI халықаралық әншілер конкурсын бағындыру бұйырған екен, кадірменді ағайын! Ендеше, ерекше сезіммен барлық менің өнерімді бағалап, осы күнге дейін мені қолдап жүретін қазақ еліме басымды иемін. Бірақ, осы жолы бесіктен осы күнге дейін мәпелеп өсірген, өнеріме бар өмірін арнаған анам мен әкешіме де арнағым келеді. Тума-туыс пен жақындарыма, ұстаздарым мен достарыма және барлық қолдау білдірген жан ағаларыма алғысым шексіз. Жеңісті күндеріміз көп, болашағымыз жарқын болсын! – деп жазды әнші.

– Қазіргі кезде Астана қаласында тұрып жатырмыз. Ержан 17 жаста, «Шабыт» ұлттық өнер академиясының колледжінде оқиды. Түрлі байқау, фестивальдерге қатысумен бірге музыкалық білімін де ұдайы жетілдіріп келеді, - деді Ержанның анасы Гүлмира Әлібек.

Орал қаласында туып-өскен Ержан Максим 2019 жылы Ресейдің Бірінші арнасы ұйымдастырған «Голос. Дети» конкурсында өнер көрсетіп, кейін жеңімпаз атанған еді.

Еске сала кетейік, бұдан бұрын Ержан Максимнің «Голос. Дети» конкурсының суперфиналында өнер көрсеткенін жазған болатынбыз.

Сондай-ақ Ержан Максим «Голос. Дети» байқауының жеңімпазы атанды.



## «ШАТЫРДАҒЫ ЕКЕУ» ФИЛЬМІ ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ

**«Шатырдағы екеу» фильмі Үндістанның Калькутта қаласында өткен «Алтын арыстан» (GLIFF) халықаралық кинофестивалінде екі аталым бойынша жеңімпаз атанды.**

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі баспасөз қызметінің мәліметінше, фильм үздік толықметражды фильм деп танылып, Best Debut Filmmaker Of Feature Film номинациясында жеңіске жетті.

Сонымен қатар фильм өткен жылы Нью-Йорктегі Oniros Film Awards беделді конкурсының ширек финалына шықты. Кинокартина ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Ұлттық киноны қолдау орталығының қолдауымен түсірілген.

«Шатырдағы екеу» фильмінде тағдыры қиындыққа толы жас жігіт Дамир мен аутизмге шалдыққан жасөспірім Костяның арасындағы достық суреттеледі. Шығармашылық топ картинада инклюзияның маңызын және ерекше балалардың қоғамға бейімделу мәселесін көтерген.

Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева «Қазақфильм» ұлттық киноны қолдау орталығының қаражатына қол жаймайтынын айтты.




Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС
**ҚАЗАҚ ҮНІ**
Президент –
Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН

Бас редактор –
Құлтөлеу МҰҚАШ

Qazaquni.kz ақпарат агенттігінің
Бас редакторы –
Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ

Жауапты хатшы –
Гүлмира САДЫҚ

Бөлім редакторлары:
Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)
Нұржан АСАН (көркемдеуші)

Аймақтағы тілшілер:
Астана тілшілер қосыны:
Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ
(8-702-931-89-86)
Ақмола облысы:
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)
Арқалық қаласы:
Нұрсұлтан НҰРМАН
(8-702-688-84-87)
Алматы облысы:
Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)
Жезқазған қаласы:
Жанат АСАНҚАЛИ
(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)
Қарағанды облысы:
Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)
Қостанай облысы:
Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)
Семей қаласы:
Рахат АЛТАЙ
(8-775-998-15-39)
Түркістан облысы:
Әбдіғаппар АЙДАР
(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)
Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)
Түркістан қаласы:
Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)

Тарату бөлімі:
Астанада:
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)
Шымкентте:
Мүтән ИСМАЙЫЛ
(8-701-692-1340)
Астанада «Алты Алаш» дүңгіршіктерінде сатылады
(8-701-572-88-47)

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген. Куәлік №13976–Г (Алғашқы куәлік №1270–Г, 01. 08. 2000 жыл).

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.
Газетте «Қазақпараттың» материалдары пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер орталығында беттелді

АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

Редакцияның мекен-жайы:
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй
Байланыс телефоны:
8 (727) 398-57-31
E-mail: qazaquni2000@gmail. com
www. qazaquni. kz

Кезекші редактор
Гүлмира САДЫҚ

ТОО «Қазақ үні»
БИН 000540006784
ИИК KZ508560000000385541
АГФ АО «БанкЦентрКредит»
г. Алматы, БИК KCJBKZKX, Кбе 17
Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды. Алматы қ. , С. Мұқанов к. , 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ

Ⓐ – материалдың жариялану ақысы төленген



ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380
*«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:*
1 жылға | қала үшін 5750,88 теңге | ауыл/аудан үшін 5974,32 теңге

Мекемелер ТІКЕЛЕЙ ЖАЗЫЛУҒА болады
Газетке 1 жылға тікелей жазылым –5 000 теңге.
100 данаға 1 жылға тікелей жазылым – 500 000 теңге.
1000 данаға 1 жылға тікелей жазылым – 5 000 000 теңге.